

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметті және запастағы қызметті өтеу Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрығы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2000 жылғы 12 сәуір N 83 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 05 шілде тіркелді Тіркеу N 1179. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2006 жылғы 23 шілдедегі N 289 бұйрығымен.

Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2006 жылғы 23 шілдедегі N 289 бұйрығымен .

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскер құралымдарында әскери қызметті өткеру ережелерін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 мамырдағы N 124 Жарлығына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Күші жойылды деп танылсын:

3) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде прапорщиктердің (мичмандардың) әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2000 жылғы 12 сәуірдегі N 83 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2000 жылғы 5 шілдеде N 1179 тіркелген).

..

А р м и я г е н е р а л ы

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметін өтеу тәртібін келешекте жетілдіру мақсатымен Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметті және запастағы қызметті өтеу Ережелері бекітілсін және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшылары, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының дербес бөлімдерінің және қызметтерінің Бас

басқармаларының, департаменттерінің бастықтары, әскери бөлімдердің және бірлестіктердің, құрамалардың командирлері, мекемелердің, әскери-оқу орындарының, кәсіпорындардың бастықтары мен әскери комиссарлары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамымен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметті және запастағы қызметті өтеу Ережелері оқытылсын және олардың талаптарының қатаң орындалуы қамтамасыз етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери және запастағы қызметті өтеу Ережелерін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қолдану тәртібі жөніндегі Нұсқау күшіне енгізілсін (осы бұйрыққа 1-ші қосымша).

4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығы берілген Ережелермен орнатылған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері прапорщиктерінің және мичмандарының қызметті өтеу тәртібі қатаң сақталуын тұрақты қадағалануды қамтамасыз етсін.

5. КСРО Қорғаныс министрінің 1985 жылғы N 275 бұйрығы күшін жойды деп саналсын.

6. Бұйрық жеке роталарға жеткізілсін.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі
генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы "___" _____
N _____ қаулысымен
бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ
ПРАПОРЩИКТЕРІНІҢ (МИЧМАНДАРЫНЫҢ) ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІ
ЖӘНЕ ЗАПАСТАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ӨТКЕРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

1-БӨЛІМ

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес прапорщиктердің (мичмандарының) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өтеу тәртібін олардың бейбіт және соғыс уақытындағы құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Прапорщиктерге (мичмандарға) Қарулы Күштерде, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарда прапорщик, аға прапорщик, ал әскери-теңіз күштері бөлімдерінде-мичман, аға мичман әскери атақтары берілген әскери қызмет өтеуші адамдар кіреді.

2. Прапорщиктердің (мичмандардың) қызметі әскери қызмет пен запастағы қызметтен тұрады.

3. Прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметте 45 жасқа дейін бола алады, одан кейін Қарулы Күштер қатарынан босатылуға жатады.

Әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен, әскери қызмет өтеуге денсаулық жағдайы бойынша жарамды прапорщиктердің (мичмандардың) келісімдері бойынша олардың әскери қызмет мерзімі, ерекше қажет болған жағдайларда, Қорғаныс министрінің шешімімен 5 жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

4. Прапорщиктер (мичмандар) ретінде:

1) мерзімді әскери қызметтегі немесе келісім-шарт бойынша әскери қызмет өтеуші солдаттар, матростар, сержанттар, старшиналар үшін - прапорщиктер (мичмандар) әскери атағын беру туралы бұйрық шыққан күні;

2) запаста әскери қызметке қабылданған прапорщиктер (мичмандар) үшін, прапорщиктер (мичмандар) ретінде әскери қызметке қабылданған запастағы солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар, әйелдер үшін әскери комиссариаттың нұсқамасында көрсетілген қызмет орнына кеткен күн әскери қызметтің басталуы болып табылады.

5. Әскери бөлім командирінің бұйрығымен прапорщиктерді (мичмандарды) әскери бөлім жеке құрамынын тізімінен шығарған күні, олардың әскери қызметінің аяқталғаны болып саналады.

2-БӨЛІМ

Прапорщиктердің (мичмандардың)
лауазымдарын жасақтау

6. Прапорщиктер (мичмандар) ретінде әскери қызметке 35 жасқа дейінгі, әскери қызмет өтеу талаптарына жауап беретін адамдар қабылданады.

Прапорщиктер (мичмандар) өтеуге жататын лауазымдар:

1) мерзімді әскери қызмет өтеген, даярлық бейіні бойынша тиісті әскери мамандыққа тектес жоғары немесе орта арнаулы білімі бар солдаттармен,

матростармен, сержанттармен, старшиналармен;

2) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өтеуші (офицерден басқа) жоғары және арнаулы орта білімі бар 35 жасқа дейінгі әскери қызметшілермен;

3) осы Ереженің 58-тармағына сәйкес әскери қызметке белгіленген запастағы прапорщиктермен (мичмандармен);

4) даярлық бейіні бойынша тиісті әскери мамандыққа тектес жоғары және орта арнаулы білімі бар запастағы солдаттармен, матростармен, сержанттармен;

5) 19-дан 35 жасқа дейінгі жоғары немесе арнаулы орта білімі бар тиісті арнаулы дайындықтан өткен әйелдермен.

Прапорщиктер орын ауыстыруға жататын әйел адамдар тағайындалатын лауазымдар тізбесін Қорғаныс министрі айқындайды.

б) мерзімді әскери қызметті өткерген солдаттармен, матростармен, сержанттармен, старшиналармен, келісім-шарт бойынша әскери қызмет атқарушы әскери қызметшілермен және прапорщиктер (мичмандар) мектебін бітіргеннен кейін, оқу кезеңіне және одан әрі 5 күнтізбелік жыл бойы әскери қызмет өтеуге келісім-шарт жасаған запастағы әскери міндеттілермен ж а с а қ т а л а д ы .

7. Прапорщик (мичман) ретінде әскери қызметке қабылданған адамдармен;

1) әскери қызметте болудың шекті жасына дейін;

2) 3 не 5 жылға, одан кейін келісім-шарт әр кезде 3 жыл, 5 жыл мерзімге немесе әскери қызметте болудың шекті жасына келгенге дейін ұзартылады.

8. Әскери міндеттілер мен әйелдер қатарынан прапорщиктер (мичмандар) лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау үшін үміткерлерді іріктеуді әскери бөлімдер облыстық әскери комиссариаттарға Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жіберген тапсырыстар негізінде аудандық, қалалық әскери комиссариаттар жүргізеді.

9. Ішкі істер органдары аудандық әскери комиссариаттың өтініші бойынша оларға бұл адамдар туралы өздерінде бар ақпаратты береді. Келісім-шарт бойынша прапорщиктер (мичмандар) лауазымына әскери қызметке тағайындалған адамдарға бақылау органдары арқылы тиісті нысандағы р ұ қ с а т т а м а р е с і м д е л е д і .

10. Келісім-шарт бойынша прапорщиктер (мичмандар) лауазымына әскери қызметке қабылданғандарға жеке құрам бойынша шығарылатын бұйрықпен осы Ереженің 7-тармағына сәйкес келісім-шарт жасаған адамдар жатады.

11. Келісім-шарт талаптарын сақтауға кепілдік болатын Қорғаныс министрі атынан келісім-шартқа қол қою құқығы жеке штаттарда ұсталатын әскери бөлім командирлеріне, егер осы командирлер лауазымы бойынша штатта "полковник" оған тең және одан жоғары әскери атағы көзделген болса, беріледі.

Прапорщиктер (мичмандар) лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке адамдарды қабылдау Қорғаныс министрінің бұйрығымен бекітіледі.

3-БӨЛІМ

Әскери атақтар беру

12. Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілерге прапорщиктер (мичмандар) әскери атағы олардың адамгершілік пен әскерлік қасиеттерін, әскери және арнаулы даярлығын, қызмет тәжірибесін, атқарып жүрген қызметін және осы Ережеде көзделген басқа да шарттарды ескере отырып, беріледі.

13. Прапорщик (мичман) ретінде әскери қызметте қабылданғандарға осы Ереженің 6-тармағының 1, 2, 3, 4, 5, 6-тармақшаларына сәйкес прапорщик (мичман) әскери атақтары беріледі.

14. Прапорщик (мичман) болып кем дегенде бес жыл, оның ішінде бір жыл әскери штатына сәйкес аға прапорщиктермен жасақталуға жататын лауазымдарда қызмет атқарған әскери қызметшілерге аға прапорщик (аға мичман) әскери атағы беріледі.

15. Аға прапорщик (аға мичман) әскери атағы, сондай-ақ прапорщиктерге (мичмандарға) :

1) Қазақстан Республикасын қорғау, жауынгерлік жағдайда басқа да тапсырмаларды орындау кезінде прапорщик (мичман) ретінде қызмет өтеген мерзімі мен өтеген лауазымына қарамастан;

2) 10 жыл бойы үздіксіз прапорщик (мичман) ретінде мүлтіксіз қызмет өтегені үшін, атқарған лауазымына қарамастан;

3) арнайы орындарда жауынгерлік кезекшілікті жауынгерлік қызметті мүлтіксіз өтегені үшін, прапорщик (мичман) ретінде кем дегенде 5 жыл қызмет атқарғандарға берілуі мүмкін.

16. Прапорщик, аға прапорщик мичман, аға мичман әскери атақтары Қорғаныс министрі белгілейтін, жеке құрам бойынша шығарылатын командирдің бастықтың бұйрығымен беріледі.

17. Прапорщиктер (мичмандар) әскери атағынан Қорғаныс министрінің, сондай-ақ жасаған қылмысы үшін шығарылған сот үкімі бойынша айырылады.

18. Прапорщик, аға прапорщик, мичман, аға мичман әскери атақтарынан айырылған адамдар әскери атағын қайтып алуға жатпайды.

Заңсыз айыпталуына байланысты прапорщик (мичман) әскери атағынан айырылғандар Қорғаныс министрінің бұйрығымен бұрынғы атағын қайтып алады.

19. Әскери қызметте тұрған аға прапорщиктердің (аға мичмандардың) әскери атағын бір саты төмендету тәртіптік жаза белгілеу шарасы ретінде немесе Қарулы Күштердің Тәртіптік Жарғысымен құқық берілген тікелей бастықтың

шешімімен прапорщиктердің (мичмандардың) жолдастық сотының өтініші бойынша жүргізілуі мүмкін.

Әскери атағы төмендетілген прапорщиктер (мичмандар) дұрыс аттестацияланған жағдайда, әскери атағын төмендету жөнінде шешім қабылдаған, оған тең және одан жоғары бастықтардың бұйрығы бойынша, төмендетілген күннен бастап 1 жылдан кешіктірмей, атқарған штаттық лауазымына қарамастан бұрынғы әскери атағын қайтып алады.

20. Қызметтен қол үзбей, орта арнаулы әскери білім алғысы келген прапорщиктерге (мичмандарға) Экстернат туралы ереже шарттарымен орта әскери-оқу орнының бағдарламасы бойынша экстерн түрінде емтихан тапсыруына рұқсат беріледі.

21. Прапорщиктерге (мичмандарға) офицер атағын беру офицерлік құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде басқа әскерлері мен әскери құрылымдарына әскери қызметті және запастағы қызметті өтеуі туралы ережеде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4-БӨЛІМ

Қызметке тағайындау қызмет бойынша орын ауыстыру, аттестация

22. Прапорщиктермен (мичмандармен) орындалуға жататын лауазымдар және осы лауазымдарға сәйкес келетін әскери атақтар штатпен белгіленеді.

23. Прапорщиктерді (мичмандарды) қызметке тағайындау жеке құрам бойынша бұйрықпен жүргізіледі.

24. Прапорщиктердің (мичмандардың) адамгершілік пен іскерлік қасиеттері ескеріле отырып олар офицерлермен орындалуға жататын қызметке тағайындала алады.

Прапорщиктерді (мичмандарды) офицерлік қызметке тағайындау осы қызметке офицерлік құрамды тағайындау құқы бар командирлердің бұйрығы бойынша жүргізіледі.

25. Офицерлер осы қызметтердің орнын ауыстыруға келгенде және офицер лауазымында басқа бос орын болмаған жағдайда офицер қызметін өтеп жүрген прапорщиктер (мичмандар) прапорщиктер (мичмандар) лауазымына орын ауыстырады.

26. Қызмет бойынша прапорщиктерді (мичмандарды);

1) жоғары қызметтерге;

2) тең қызметтерге;

3) төменгі қызметтерге орын ауыстыру жүргізіледі.

Қызмет бойынша орын ауыстыру туралы бұйрықта прапорщик (мичман) қандай (жоғары, тең, төмен) қызметке ауысқаны және осы Ереженің 29-

тармағында көзделген орын ауыстыру негізі көрсетіледі.

Прапорщиктің (мичманның) лауазымы жоғары болып саналады: егер, осы лауазым бойынша штатпен әскери атағы орындаушы лауазымы бойынша әскери атағынан жоғары болып қаралса, ал әскери атақтары тепе-тең кезде үлкен лауазымдық жалақы; төменгі, егер осы лауазым бойынша штатпен әскери атағы орындаушы лауазымы бойынша әскери атағынан төмен болып қаралса, ал әскери атақтары тепе-тең кезде - төмен лауазымдық жалақы. Егер штатта екі әскери атақ немесе лауазымдық жалақылары ең аздан ең үлкенге дейін жағдайы қаралса, онда жоғары әскери атағы немесе ең үлкен лауазымдық жалақысы ескеріледі.

27. Прапорщиктерді (мичмандарды) жоғары қызметке ауыстыру қызмет бойынша көтеру тәртібімен жүргізіледі.

28. Прапорщиктерді (мичмандарды) тең қызметке ауыстыру;

1) штат қысқартылуына немесе ұйымдық шараларға байланысты;
2) мамандығы бойынша орынды пайдалану үшін немесе жұмыс тәжірибесін ескере отырып ;

3) әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша ;

4) отбасы жағдайы бойынша - прапорщик (мичман) өтінішіне сәйкес осы Ереженің 46-тармағының 5-тармақшасында көзделген тәртіппен және шартпен, сондай-ақ егер әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы бойынша прапорщиктер (мичмандар) қызмет өтейтін жер оның отбасы мүшелерінің денсаулығына сәйкес келмеген жағдайларда жүргізіледі.

29. Прапорщиктер (мичмандар) төменгі қызметке:

1) штат қысқартылуына немесе ұйымдық шараларға байланысты;
2) әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша ;

3) жасына немесе отбасы жағдайы бойынша - прапорщик (мичман) өтінішіне сәйкес осы Ереженің 46-тармағының 5-тармақшасында көзделген тәртіппен және шартпен, сондай-ақ егер әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы бойынша прапорщиктер (мичмандар) қызмет өтеген жер оның отбасы мүшелерінің денсаулығына сәйкес келмеген жағдайларда;

4) Қарулы Күштердің Тәртіптік жарғысына сәйкес тәртіптік жаза белгілеу тәртібімен немесе прапорщиктер (мичмандар) жолдастық сотының өтініші бойынша ;

5) аттестациядан өткізу тәртібімен қызметке сай келмеуі бойынша;
6) прапорщиктердің (мичмандардың) іскерлік және адамгершілік қасиеттерін ескере отырып, немесе прапорщиктердің (мичмандардың) рапорты бойынша жұмыс көлемі аздау қызметке орын ауыстыру жүргізіледі.

Әскери бөлімдердің құрылуына, өрістелуіне, басқа жерге орналастырылуына,

қатарға жаңа кемелер кіргізілуіне байланысты және басқа қызметке қажетті жағдайларда прапорщиктерді (мичмандарды) ауыстыру Қорғаныс министрінің шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

30. Прапорщиктер (мичмандар) өз келісімі және тиісті министрліктер мен ведомстволардың келісімі бойынша әскери қызметті одан әрі өтеу үшін:

1) Қарулы Күштердің жеке құрамы тізімінен шығарыла отырып, Қорғаныс министрінің бұйрығы бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен Ұлттық қауіпсіздік, Ішкі істер органдары, Республикалық ұланға, Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетке, құқық қорғау органдарына және басқа да әскери құрылымдарға;

2) тиісті министрліктер, ведомстволар мен әскерлердің жеке құрамы тізімінен шығарыла отырып, тиісті министрліктер, ведомстволар мен әскери басшыларының бұйрығы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік Ішкі істер органдарына, Республикалық ұланға, Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетке, әскери құқық қорғау органдарына және Қарулы Күштердің басқа да әскери құрылымдарына;

3) жеке құрам тізімінен шығарыла отырып, мемлекетаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қарулы Күштеріне жіберіледі.

Іссапарларға жіберу тиісті мемлекеттік органдардың өзара келісімі бойынша белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Әскери бөлімді тапсыру кезінде прапорщиктер (мичмандар) осы бөлімнің тізімдік құрамына сәйкес сол бөлім құрамындағы жаңа жұмыс орнына барады. Прапорщиктер (мичмандар) өз келісімдері бойынша әскери қызметке қалдырыла отырып, қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

31. Прапорщиктердің (мичмандардың) қызмет аясын, олардың іскерлік және адамгершілік қасиеттерін үнемі бағалау, сондай-ақ іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мақсатында аттестация жүргізіледі. Прапорщиктерді (мичмандарды) аттестациядан өткізу мерзімділігі, уақыты мен тәртібі Қорғаныс министрінің бұйрығымен белгіленеді.

32. Аттестациядан өткізуді қарау және ол бойынша қорытынды шығару үшін әскери бөлімде құрамы әскери бөлім командирінің бұйрығымен белгіленетін тұрақты жұмыс істейтін аттестация комиссиясы құрылады.

33. Прапорщиктер (мичмандар) аттестация кезінде көрсетілген кемшіліктерді жоюға міндетті.

Тікелей бастықтар прапорщиктерден (мичмандардан) аттестация кезінде көрсетілген кемшіліктерді жоюды талап етуге тиісті.

Аттестациядан өткен прапорщиктерге (мичмандарға) бекітілген

аттестацияларды олардың тікелей бастықтары хабарлайды. Аттестация тәртібінің бұзылғандығы және дұрыс аттестацияланбағандығы үшін берілетін шағымды тәртіп бойынша аттестация хабарланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде беруге болады. Шағым бойынша соңғы шешімді аттестацияны бекіткен бастық қабылдайды. Әскери қызметшінің шағымы негізі бар деп табылған жағдайда аттестацияға тиісті өзгертулер енгізіледі немесе қайтадан аттестация жүргізіледі.

5-БӨЛІМ

Демалыстар

34. Әскери қызметте тұрған прапорщиктерге (мичмандарға):

1) негізгі демалыстар;

2) сырқатына байланысты демалыстар;

3) отбасы жағдайына байланысты қысқа мерзімді демалыстар;

4) оқу орнында оқуына байланысты демалыстар;

5) ана болып бала бағуына байланысты демалыстар;

6) Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы заңға сәйкес берілетін қосымша демалыстар: зиянды (ауыр) жағдайларда қызмет өтегені үшін; ерекше қызмет түрі үшін; экологиялық апат аймақтарында қызмет өтегені үшін беріледі. Демалыстың ұзақтығы тәулікпен есептеледі.

Демалыс өткізетін жерге барып-қайту үшін, оның ішінде прапорщикті (мичманды) еңбек демалысынан кері шақырып алу кезінде демалысқа қосымша у а қ ы т б е р і л е д і .

35. Заңға сәйкес прапорщиктерге (мичмандарға) күнтізбелік есеппен жалпы қызмет өтеген жылдарына, олардың әскери қызмет ерекшеліктері мен шарттарына қарай негізгі демалыстар ұзақтығы:

1) әскери қызметте 10 жылға дейін еңбек сіңірсе - 30 тәулік, 10 жылдан 15 жылға дейін - 35 тәулік, 15 жылдан 20 жылға дейін - 40 тәулік, 20 және одан да көп болса - 45 тәулік беріледі.

Негізгі демалыс ұзақтығын анықтау кезінде ескерілетін жалпы қызмет өтеген жылдар, әскери қызметшілерге зейнетақы тағайындауға байланысты қызмет өтеген күнтізбелік жылдарын есептеу үшін белгіленген тәртіп бойынша е с е п т е л е д і .

2) ұшу жұмысында болғандарға (жауынгерлік кезекшілік өтеушіге) - 45 т ә у л і к к е .

Осы прапорщиктерге (мичмандарға) ұзақтығы 45 тәулік негізгі демалыс алуға құқық беру үшін орындалатын міндеттер, лауазымдар тізімі Қорғаныс министрінің бұйрығымен белгіленеді;

3) климаты ауыр және қолайсыз жерлерде қызмет өтеп жүргендерге - 45 тәулікке ;

4) ерекше жағдайларда, прапорщиктерге (мичмандарға) аса қиын жағдайдағы қызметтеріне сәйкес ұзартылған демалысты қажет өтеген немесе төтенше жағдайлар кезінде Қорғаныс министрінің шешімімен - 45 тәулікке беріледі.

Прапорщиктерге (мичмандарға) әскери қызметтің ерекшелігі мен жағдайына қарай берілетін негізгі демалыстың ұзақтығы, олардың қызмет атқарған жылдарына байланысты болмайды. Негізгі демалыс ұзақтығы басқаша белгіленген әскери бөлімге өздерін тағайындағанға дейін негізгі демалысын пайдаланбаған прапорщиктердің (мичмандардың) негізгі демалысының ұзақтығы , бұрын және жаңа қызмет орны бойынша ағымдағы жылдағы қызмет уақытына сәйкес сайма-сай түрде белгіленеді.

5) әскери қызметке қабылданған жылы прапорщиктерге (мичмандарға) негізгі және қосымша демалыстарын беру кезінде демалыстар ұзақтығы ағымдағы жылы қызмет өтелген уақытына сайма-сай түрде барлық қызмет жылдарын, қызмет ерекшелігі мен жағдайын ескере отырып, аталған әрбір демалыстарды 12-ге бөлу және қызметінің толық айларының санына көбейту жолымен есептеледі. Мұндай демалысты прапорщиктің (мичманның) тілегі бойынша келесі жылдың демалысына қосып беруге де болады.

36. Прапорщиктерге (мичмандарға) негізгі демалыс күнтізбелік жыл ішінде демалысты пайдалану кезеңдерінің кезектесуін, әскери бөлімдердің тұрақты жауынгерлік әзірлігін ұстауды қамтамасыз етуді ескере отырып және негізгі демалыс жоспарларына сәйкес беріледі.

Осы қаулыға сәйкес жеңілдіктер пайдалануға құқығы бар прапорщиктерге (мичмандарға) негізгі демалыс әдетте жазда немесе өздеріне ыңғайлы уақытта әскери бөлімдердің тұрақты жауынгерлік әзірлігін ұстауды қамтамасыз етуді ескере отырып және негізгі демалыс жоспарларына сәйкес беріледі.

Негізгі және қосымша демалыстар кезінде ауырып қалған прапорщиктерге (мичмандарға) сауыққаннан кейін демалыс кезінде ауырған күндеріне сәйкес демалысы ұзартылады .

Негізгі демалысқа басқа гарнизоннан келген прапорщиктердің (мичмандардың) демалысын ұзартуды бұл жөнінде әскери бөлім командирін немесе емдеуші дәрігер мен емдеу мекемесінің бастығы, бас дәрігері куәландырған тиісті анықтама негізінде демалыс берген командирді, бастықты ескерте отырып, гарнизон бастығы, әскери полиция органының бастығы жүргізеді. Отбасы мүшелерінің бірі әкесі, шешесі, әйелі, балалары, туған

аға-інілері, апа-қарындастары немесе өздері тәрбиесінде болған басқа да адамдар қайтыс болған немесе ауыр науқастанған, сондай-ақ осы прапорщиктер (мичмандар) отбасына төнген қандай да бір апаттар болған жағдайда бұл жөнінде тез арада өздері келген әскери бөлім командиріне хабарлай отырып, демалыс 10 тәулікке дейін ұзартылады.

Прапорщиктің (мичманның) әскери қызметтен босатылуына байланысты кейіннен әскери бөлім жеке құрамының тізімінен шығарыла отырып берілген негізгі демалыс ұзартылмайды.

Ерекше жағдайларда, негізгі демалысты келесі жылға ауыстыруға дивизия командирінен бастап, оған тең немесе жоғары тікелей бастықтың шешімі бойынша рұқсат етіледі. Бұл ретте өткен жылдың демалысы жаңа жылдың бірінші тоқсанында берілуі тиіс, ал егер прапорщик (мичман) әскери қызметтен босатылатын болса, босаған жылдың еңбек демалысына қосылады.

Ағымдағы жылда жеке құрам бойынша Қарулы Күштер қатарынан босатылған және келесі жылды әскери бөлім жеке құрамының тізімінен шығарылуға жататын прапорщиктер (мичмандар) Қарулы Күштер қатарынан босатылуына байланысты берілген негізгі және қосымша демалыстары аяқталғаннан кейін әскери бөлімдерге қайтып келмейді және оларға әскери бөлім жеке қосымша демалыстар алу құқығы берілмейді.

Ағымдағы жылда жеке құрам бойынша Қарулы Күштер қатарынан босатылған және келесі жылы әскери бөлім жеке құрамының тізімінен шығарылуға жататын прапорщиктерге (мичмандарға) келесі жылдың негізгі және қосымша демалыстары босатылу негізіне қарамастан 35-тармақтың 5-тармақшасында белгіленген тәртіппен беріледі.

37. Прапорщиктерге (мичмандарға) сырқатының алдын алу және кәсіби жұмыс қабілеттілігін толық қалпына келтіру мақсатында зиянды ауыр жағдайларда міндет өтегені және қызметтің ерекше түрі үшін қосымша демалыс беріледі.

38. Прапорщиктерге (мичмандарға) зиянды ауыр жағдайларда міндет өтегені және қызметтің ерекше түрі үшін берілетін қосымша демалыстың тәртібі мен шарттары Қорғаныс министрінің бұйрығымен белгіленеді. Сонымен бірге прапорщиктерге (мичмандарға) зиянды ауыр жағдайларда міндет өтегені және қызметтің ерекше түрі үшін қосымша демалыс, егер олар барлық күнтізбелік жыл ішінде тізбеде белгіленген лауазымдарда қызмет уақытын толық пайдаланған жағдайда толық көлемде беріледі. Басқа жағдайларда, қосымша демалыстың ұзақтығы ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде зиянды ауыр жағдайларда міндет өтегені және қызметтің ерекше түрі үшін қызмет өтеген уақытына сайма-сай түрде белгіленеді. Берілген демалыс түрлерін алу тәртібін, ұзақтығын және осындай демалысты алу құқығы бар прапорщиктер қызметі

тізімін Қорғаныс министрі белгілейді.

39. Қосымша демалыс негізгі демалысқа қосылады және демалыспен бірге немесе жеке беріледі. Зиянды ауыр жағдайларда міндет атқарғаны, қызметтің ерекше түрі үшін бір уақытта қосымша демалыс алу құқығы бар прапорщиктерге (мичмандарға), сондай-ақ экологиялық апат аймақтарында әскери қызмет өтеушілерге қосымша демалыс олардың тілегімен тек бір негіз бойынша беріледі.

Негізгі және қосымша демалыстың жалпы ұзақтығы, демалыс өткізетін жерге барып-қайту жолын есептегенде, екі айдан аспауы керек.

Негізгі демалыс, ал қосымша демалыс берілген кезде, екеуін қосып, прапорщиктің (мичманның) қалауы бойынша екі бөлімге бөлуге болады.

40. Прапорщиктер (мичмандар), қызметке аса қажетті жағдайдан басқа, демалыстан кері шақырып алуға жатпайды. Ерекше жағдайларда, олар дивизия командирінен бастап, оған тең және жоғары тікелей бастықтарының жазбаша рұқсаты негізінде ғана демалыстан кері шақырылуға жатады. Осыған байланысты пайдаланылмаған демалыс бөлігі осы күнтізбелік жыл ішінде басқа уақытта беріледі немесе келесі күнтізбелік жыл демалысына қосылады. Сонымен бірге, егер прапорщиктің пайдаланылмаған демалыс бөлігі осы күнтізбелік жыл ішінде 10 тәулік немесе одан да көп болса, оған демалыс өткізетін жеріне барып-қайту жолына, тек өзі кері шақыртылып алынған пункттен аспайтын, жолына демалыстан тыс қосымша уақыт беріледі.

Өз өкілеттігі шегінен шыққан және прапорщикті (мичманды) демалыстан шақыртып алған басқа командирлер бастықтар тәртіптік, сондай-ақ үзілген демалысты қалпына келтіруге кеткен қосымша шығындардың орнын толтыратын мөлшерде материалдық жауапкершілікте болады.

41. Дәлелді себепсіз қызметке келмей қалған прапорщиктердің (мичмандардың), зиянды ауыр жағдайларда қызмет атқарғаны және қызметтің ерекше түрі үшін ағымдағы немесе келесі жылы берілетін негізгі және қосымша демалыстары келмеген күн санына қысқартылады. Бұл ретте негізгі және қосымша демалыстар жиынтығы жиырма тәуліктен аспауы керек.

Көрсетілген демалыстарды қысқарту жөніндегі шешімді демалыс беру құқығы бар командир бастық қабылдайды.

42. Әскери қызметтен босатылған прапорщиктерге (мичмандарға) босатылған жылы негізгі демалыс:

1) жасына қарай, сырқатына байланысты, штат қысқартылуына, денсаулық жағдайының шектелуіне байланысты босатылғандарға - осы Ереженің 35-тармағында белгіленген ұзақтықпен;

2) басқа негіздер бойынша босатылғандарға - осы Ереженің 35-тармағының 5-тармақшасында белгіленген ұзақтықпен беріледі.

43. Прапорщиктерге (мичмандарға) сырқатына байланысты демалыс емдеу мекемесінде емделіп болғаннан кейін әскери дәрігерлік комиссия шешімі негізінде беріледі.

Сырқатына байланысты берілетін демалыс ұзақтығы 30 тәулікке дейін, ал жекелеген жағдайларда жарақат, зақым алған және ауырып қалған жағдайларда олардың түріне қарай 60 тәулікке дейін болады.

Прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметтен босатылған кезде сырқатына байланысты демалыс берілмейді.

Сырқатына байланысты демалыс негізгі және қосымша демалыстар есебіне кіргізілмейді.

44. Шұғыл әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу үшін, әсіресе, денсаулығына, туысқандық парызын өтеуіне байланысты, сондай-ақ басқа да себептер бойынша әскери бөлім командирі прапорщиктерге (мичмандарға) отбасы жағдайына байланысты әр кезде ұзақтығы 10 тәулікке дейін қысқа мерзімді демалыстар береді. Демалыс өткізетін жерге барып-қайту жолына қажетті уақыт қосымша беріледі.

Қысқа мерзімді демалыстар негізгі демалыс есебіне енгізілмейді.

45. Азаматтық жоғары оқу орындарына түсетін прапорщиктерге (мичмандарға) түскі емтихандарына әзірлеу және оларды тапсыру үшін ұзақтығын Қорғаныс министрі белгілейтін демалыс беріледі.

46. Әйелдерге ана болуына байланысты:

1) екіқабаттылығына және тууына байланысты - ақшалай және заттай үлестерін, азық-түлік пайларын сақтай отырып;

2) бала бағуына байланысты жарым жартылай төлеу - тілегі бойынша ақшалай және заттай үлестері, азық-түлік пайлары сақталмай беріледі;

3) бала бағуына байланысты қосымша демалыс - тілегі бойынша ақшалай және заттай үлестері, азық-түлік пайлары сақталмай беріледі.

Аталған демалыстар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ұзақтық мерзімінде беріледі. Осы демалыстар уақыты әскери атақтарына, прапорщиктер (мичмандар) лауазымына қызмет атқарған жылдарына, мерзімі шектеулі қызметі үшін, сондай-ақ зейнетақыға үстемақы төлеу үшін қызмет өтеген жылдарына енгізіледі.

Екіқабаттылығы мен тууына байланысты берілетін демалыс негізгі және қосымша демалыстар есебіне енгізілмейді. Екіқабаттылығы мен тууына байланысты демалыстар алдында немесе одан кейін әйелдерге тікелей ағымдағы жылға негізгі және қосымша демалыс беріледі.

Бала бағуына байланысты берілген демалыс аяқталған жылдың негізгі және қосымша демалысы осы демалыстың күнтізбелік жыл аяқталғанға дейінгі күнгі уақытта сайма-сай түрде есептелінеді.

6-БӨЛІМ

Әскери қызметтен босату

47. Әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметтен босатылуға жатады.

Әскери қызметте болудың шекті жасынан тыс әскери қызметте қалдырылған прапорщиктер (мичмандар) осы Ережеде көзделген негізде өздері қалдырылған мерзім біткеннен кейін босатылуға жатады.

Прапорщиктерді (мичмандарды) әскери қызметтен босату осы Ереженің 48-50-тармақтарында көзделген негіздердің бірі бойынша жүргізіледі.

Прапорщиктерді (мичмандарды) әскери қызметтен босату:

1) запасқа, егер босатылғандар запаста болудың шекті жасына жетпеген және денсаулық жағдайы бойынша бейбіт және соғыс уақытында әскери қызметке жарамды болса;

2) отставкаға, егер босатылғандар запаста болудың шекті жасына жеткен немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери-дәрігерлік комиссия әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп тапқан жағдайда;

3) әскери қызметтен, егер босатылғандар жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға немесе түзету жұмыстарына тартыла отырып бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда жүргізіледі.

Прапорщиктерді (мичмандарды) әскери қызметтен босатуға ұсынар алдында, олардың денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін, шешімі әскери қызметтен босатуға негіз болатын әскери-дәрігерлік комиссияға куәландыру үшін жіберіледі. Прапорщиктің (мичманның) жеке мәлімдемесі бойынша медициналық куәландыру өткізілмеуі мүмкін немесе амбулаторлы түрде жүргізіледі.

48-тармақтың 5, 6, 7, 9, 10-тармақшалары және 50-тармақтың 2-тармақшасы бойынша босатылуға ұсынылған прапорщиктер (мичмандар) мұндай мақсаттармен әскери-дәрігерлік комиссияларға куәландыруға жіберілмейді.

Прапорщиктердің (мичмандардың) бұйрық бойынша бөлім жеке құрамының тізімінен шыққан күн олардың әскери қызметтен запасқа немесе отставкаға шыққан күні болып саналады.

48. Прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметтен запасқа:

1) қызмет өткерген жылдары және зейнетке шығуға құқық беретін әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша;

2) жасы бойынша - әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен жағдайда;

3) сырқаты бойынша - бейбіт уақытта соғыс кезінде - 2-ші дәрежедегі жарамдылықпен шектеліп әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысымен әскери

қызметке жарамсыз деп табылғандар немесе әскери есептен шығарыла отырып, әскери қызметке жарамсыз деп табылғандар;

4) денсаулық жағдайының шектелуіне байланысты әскери қызметке жарамдылығын шектеу, денсаулық жағдайына байланысты атқаратын қызметінің міндеттерін орындай алмайтындығы және қызметі бойынша басқа лауазымға ауыстыру мүмкіндігінің жоқ екендігі, денсаулық жағдайын ескере отырып ол өтей алатын міндеттер туралы әскери-дәрігерлік комиссиясын қаулысы негізінде;

5) прапорщиктің (мичманның) өтініші бойынша отбасы жағдайына және басқа да маңызды себептерге байланысты қызметтен босатуға басқа негіз болмаған кезде;

әскери қызметін орындауға кедергі келтіретін отбасы жағдайы қалыптасқан кезде. Бұл ретте отбасы жағдайы деп әйелі ері, ерлі-зайыптылардың балалары қайғылы қазаға ұшырағанда немесе прапорщиктің (мичманның) не әйелінің ата-аналары олардың тұрақты қамқорлығын қажет ететін жағдайдың қалыптасуы отбасылық-мүліктік тексеру актісі және әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы негізінде айтылады, осындай себеппен бала тууына байланысты прапорщик мичман-әйелдер де босатылуға жатады;

6) өз қызметіне сәйкессіздігіне байланысты командованиенің шешімі бойынша аттестациялық тәртіппен оның іскерлік және адамгершілік қасиетін ескере отырып;

7) тұрақты жұмыс істейтін аттестациялық комиссияның қорытындысы немесе жолдастық сотының шешімі бойынша әскери қызметшінің абыройына кір келтіретін қылықтар жасағаны үшін;

8) штаттардың қысқартылуына немесе ұйымдық шараларға байланысты әскери қызметке қолдану мүмкіндігі болмаған жағдайда;

9) Қазақстан Республикасының Парламентіне депутат болып және жергілікті өкілді органдар комиссиясының босатылған төрағалары болып сайланған кезде;

10) келісім-шарт мерзімінің аяқталуына байланысты;

11) келісім-шарттың жасалмауы себепті;

12) тараптар келісім-шарт талаптарын сақтамаған жағдайда келісім-шартты бұзуына байланысты босатылады;

49. Прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметтен отставкаға:

1) жасына байланысты - запаста тұрудың шекті жасына жеткенде;

2) сырқатына байланысты - әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыздығы туралы әскери-дәрігерлік комиссия қаулысы негізінде босатылады.

50. Қылмыс жасағаны үшін сотталған әскери атағынан айырылған прапорщиктер (мичмандар):

1) әскери қызметтен бас бостандығынан айыруға сотталғанда немесе шартты түрде бас бостандығынан айырылып түзеу жұмыстарына міндетті түрде т а р т ы л у ғ а б а й л а н ы с т ы ;

2) әскери қызметтен запасқа немесе отставкаға бас бостандығынан айырмай жазалау шараларымен сотталғанда - егер олар шартты түрде немесе үкімнің орындалуы кейінге қалдыра отырып сотталған болса, сондай-ақ бостандығынан айырылып, бірақ жазасын өтеуден рақымшылық бойынша босатылған болса б о с а т ы л а д ы .

Осы баптың 2-тармақшасында аталған прапорщиктер мен мичмандар бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден рақымшылық бойынша босатылғандардан басқа тиісті командирлердің өтініші бойынша Қорғаныс министрінің шешімімен тікелей бағынысында әскери қызметшілер ұстау штатпен көзделмеген прапорщиктердің (мичмандардың) лауазымдарында пайдалану үшін әскери қызметке қалдырылуы мүмкін. Мұндай прапорщиктерді (мичмандарды) босату туралы шешім қабылдау осы Ереженің 48, 49-тармағына с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

Тергеу жүргізіліп жатқан немесе қылмыстық істері соттың қарауында жатқан прапорщиктер (мичмандар) іс бойынша соңғы шешім қабылданбай, әскери қызметтен босатылмайды. Олардың ішінен қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізілу кезеңінде қамауға алынғандар атқаратын қызметтерінен босатылады және тергеудің барлық кезеңінде тиісті командирлердің бастықтардың қарамағында болады. Прапорщик (мичман) тергеу жүргізу кезінде қамауға алынбаған жағдайда, оны өтейтін қызметінен босату, уақытша басқа жұмысқа ауыстыру мәселесін командование тергеу жүргізуші әскери құқық қорғау органдарымен келісе отырып шешеді.

51. Прапорщиктерді (мичмандарды) әскери қызметтен босату жеке құрам бойынша бұйрықпен жүргізіледі.

52. 48-тармақтың 6, 7, 12-тармақшаларында, 50-тармақтың 2-тармақшасында көзделген негіздер бойынша прапорщиктерді (мичмандарды) әскери қызметтен мерзімінен бұрын босату кезінде, сондай-ақ прапорщиктерді (мичмандарды) әскери атағынан айыру кезінде олардан осы 17-тармағына сәйкес алған заттай мүлкінің құны киімнің киілу мерзімі аяқталғанға дейін толық күнтізбелік есеппен қалған уақытқа тең есептелген сомада өндіріліп алынады.

53. Осы Ереженің 48, 49-тармағы бойынша босатылған прапорщиктер (мичмандар) босатылғаннан бастап бір ай мерзім ішінде бұл шешімді жоғарғы басшылыққа немесе сотқа шағым беруге құқылы.

Прапорщиктер (мичмандар) заңсыз босатылған жағдайда, әскери қызметтегі бұрынғы қызметтеріне қайта қабылданады.

Әскери қызметтен босатылғаннан бастап қайта орналасуға және қызмет

орнына қайта тағайындалғанға дейінгі барлық кезеңі қызмет еткен жылдарына, оның ішінде жеңілдік есеппен және прапорщик мичман әскери атағының қызмет ету мерзіміне саналады.

Прапорщикке (мичманға) кінәлі адамдардың материалдық залалды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

54. Әскери іс-қимылдарға байланысты қайтыс болған, қаза тапқан, хабарсыз кеткен, сондай-ақ із-түзсіз жоғалған прапорщиктер (мичмандар) Қарулы Күштердің жеке құрамы тізімінен шығарылады.

Әскери іс-қимылдарға байланысты хабарсыз кеткен немесе із-түзсіз жоғалған прапорщиктерді (мичмандарды) тану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот тәртібімен жүргізіледі.

55. Әскери қызметте жеңілдік есеппен 25 және көп жыл қызмет атқарған, осы Ереженің 48-тармағының 6, 7-тармақшалары және 50-тармақ бойынша босатылған адамдардан басқа прапорщиктерге (мичмандарға) запасқа немесе отставкаға кету кезінде әскери киім нысанын кию құқы беріледі.

7-БӨЛІМ

Запастағы қызмет

56. Запастағы және отставкадағы солдаттарға, матростарға, старшиналарға, сержанттарға, прапорщиктерге, мичмандарға, прапорщик, мичман, аға прапорщик, аға мичман әскери атақтары берілмейді.

57. Әскери қызметші абыройына кір келтіретін қылықтар жасағаны үшін, егер бұрын қолданған шара ақталмаған болса, запастағы және отставкадағы прапорщикті (мичманды), аға прапорщикті, аға мичманды әскери атағынан айыру Қорғаныс министрінің бұйрығымен жүргізіле алады.

Аталған әскери атақтардан айыру қатарындағы жауынгерге матросқа дейін шенін түсірумен, сондай-ақ егер оған әскери киім нысанын кию құқы берілген болса, одан да айырумен бір мезгілде жүргізіледі.

58. Әскери атақтарынан айырылған және қатардағы жауынгерге матросқа дейін шенінен түсірілген запастағы прапорщиктер (мичмандар) бұрынғы атағын қайта қалпына келтіруге жатпайды.

59. Әскери даярлығын арттыру үшін прапорщиктер (мичмандар):

- 1) оқу;
- 2) тексеру;
- 3) арнаулы жиындарға шақырылуы мүмкін;

Жиындардың ұзақтығы "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" заңмен айқындалады.

Жиындарды белгіленген ұзақтық шегінде өткізу тәртібі мен мерзімі

Қорғаныс министрінің бұйрығымен айқындалады.

60. Запастағы прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметке, әскери қызметте болудың шекті жасына жетпеген адамдар қатарынан үш жылдан кем емес мерзімге келісім-шарт бойынша алынуы мүмкін.

8-БӨЛІМ

Соғыс уақытындағы қызмет өтеу ерекшеліктері

61. Прапорщиктер (мичмандар) соғыс уақытындағы әскери қызметтерін осы тарауда және соғыс уақытына қарай қабылданған басқа да құқықтық актілерде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып атқарады.

62. Жұмылдыру жарияланған кезде:

1) Қарулы Күштер қатарынан босатылуға тиісті прапорщиктер (мичмандар), сондай-ақ жиынға шақырылған әскери міндеттілер ерекше өкімге дейін белгіленген норма бойынша үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз етілуін сақтай отырып кідіріледі.

Сырқаты бойынша отставкаға жіберу жөніндегі бұйрықтардан басқа, бөлім жеке құрамының қатарынан шығарылған прапорщиктерді (мичмандарды) әскери қызметтен босату туралы бұйрықтардың күші жойылады. Әскери қызметшілер өздерінің бұрынғы қызметтерінің міндеттерін қайта орындауға кіріседі, ал бұл қызметтердің міндеттерін басқа әскери қызметшілер өтеп жатқан жағдайда, тиісті тікелей бастықтардың нұсқауы бойынша қолданылады;

2) сырқаты, екіқабаттылығы және тууы бойынша демалыстарды қоспағанда, барлық демалыстар тоқтатылады, демалыстағы прапорщиктер (мичмандар) шұғыл түрде қызмет орындарына қайта оралуға міндетті;

3) запастағы прапорщиктер (мичмандар) олардың алған шақыру қағаздарында немесе аудандық қалалық әскери комиссарлардың бұйрықтарында көрсетілген жұмылдыру нұсқамаларындағы пункттерге белгіленген уақытына келеді;

4) демалыстан қызмет орнына дәлелді себепсіз уақытында оралмаған немесе жұмылдыру бойынша аталған пункттерге көрсетілген мерзімде келмеген прапорщиктер (мичмандар) соғыс уақытының заңдары бойынша жауапқа тартылады.

63. Соғыс уақытында запастағы прапорщиктерді (мичмандарды) әскери қызметке жұмылдыру бойынша шақыруды және басқа шақыруларды әскери комиссариаттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары негізінде шақырылған Қорғаныс министрінің бұйрықтарына сәйкес жүргізіледі.

64. Прапорщиктердің (мичмандардың) соғыс уақытындағы құрамы Қарулы Күштердің қызмет атқару мерзімі айқындалмаған прапорщиктерге (мичмандарға) деген мұқтаждықтарын ескере отырып осы Ереженің 63-тармағына сәйкес әскери атақ алған адамдармен толықтырылады.

65. Соғыс уақытында прапорщиктердің (мичмандардың) әскери атақтары:

1) тиісті әскери мамандық даярлығының бейіні бойынша оған ұқсас жоғары немесе орта арнаулы білімі бар солдаттарға, матростарға, сержанттарға, старшиналарға, оларды прапорщиктердің мичмандардың лауазымдарына тағайындай отырып;

2) прапорщиктердің (мичмандардың) лауазымдарына тағайындалған және осы лауазымдар бойынша кемінде үш ай, ал іс-қимылдағы армия мен флотта қызмет міндеттерін орындау мерзіміне қарамай табысты атқарған сержанттар мен старшиналарға;

3) тиісті арнаулы даярлығы, жоғары немесе орта білімі бар әскери қызметке алынған және прапорщиктердің (мичмандардың) лауазымдарына тағайындалған әйелдерге беріледі.

Соғыс уақытында аға прапорщик (мичман) әскери атағы аға прапорщиктерден (мичмандардан) немесе офицерлерден жинақталуға тиісті лауазымдарда кемінде үш ай, ал іс-қимылдағы армия мен флотта бұл лауазымдарда қызмет ету мерзіміне қарамай, қызмет атқарған прапорщиктерге (мичмандарға) беріледі.

66. Прапорщиктерге және мичмандарға соғыс уақытында әскери атақ беру дивизия командирінің, оған тең және одан жоғары командирлердің бұйрықтарымен беріледі.

67. Соғыс уақытында прапорщик (мичман) әскери атағынан айырылған әскери қызметшілер осы Ереженің 17-тармағына сәйкес қатардағы жауынгерлік матростар қатарына ауыстырылады.

68. Соғыс уақытында прапорщиктер (мичмандар) әскери атағынан, одан кейін прапорщиктер (мичмандар) лауазымы міндеттерін уақытша орындауда өздерін лайықты таныта білген адамдарға прапорщиктер (мичмандар) әскери атағы қайта берілуі мүмкін.

69. Соғыс уақытында прапорщиктерді (мичмандарды) аттестациялау тек оларды офицер атағына беруге ұсыну бойынша жүргізіледі.

70. Соғыс уақытында прапорщиктерге (мичмандарға) қажетті жағдайларда құрама командирлері, оларға тең және одан жоғары лауазымдағы адамдар демалыс өткізетін жерге бару-қайту жолына қажетті уақыты есептелмейтін 10 тәулікке дейін демалыс беруі мүмкін.

71. Соғыс уақытында прапорщиктердің (мичмандардың) емделуі емдеу мекемесінде аяқталуы тиіс. Жекелеген жағдайларда әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде әскери бөлім командирлері бөлім жеке құрамы тізімінен шығарылған жағдайда - әскери-емдеу мекемесінің бастығы сырқаты бойынша 30 тәулік демалыс берілуі мүмкін. Бұл мерзім аяқталған соң, әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы бойынша сырқатына байланысты

демалысы тағы да ұзартылуы мүмкін.

Жалпы алғанда сырқаты бойынша демалыс мерзімі үш айдан аспауы керек. Сырқаты бойынша демалыс аяқталған соң, әскери-дәрігерлік комиссия әскери қызметшінің әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы қаулы қабылдайды.

72. Соғыс уақытында әскери-дәрігерлік комиссия әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп таныған, әскери қызметте тұрған прапорщиктер (мичмандар) сырқаты бойынша отставкаға шығарылады.

Соғыс уақытында прапорщиктерді (мичмандарды) денсаулығы жағдайы бойынша әскери есептен шығара отырып немесе әскери қызметке 6 немесе 12 айдан кейін қайта куәландырудан соң жарамсыз деп тануды құрама командирлерін, оған тең және одан жоғары адамдар жүргізеді.

73. Жұмылдыру бойынша шақырылған запастағы прапорщиктер (мичмандар) мен соғыс уақытында прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарына немесе офицер құрамы лауазымдарына тағайындалған адамдар прапорщиктер мен мичмандарға етіледі.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығы полковник

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2000 жылғы N ____ бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері
прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметті
және запастағы қызметті өтеуі туралы Ережені қолдану тәртібі туралы
НҰСҚАУ

1. "Жалпы ережелер" тарауына

1. Осы Нұсқау Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметті және запастағы қызметті өтеуі туралы Ережені қолдану (Қысқалық үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметті және запастағы қызметті өтеуі туралы Ереже Нұсқаудың бұдан арғы тармақтарында және оның қосымшаларында "Ереже" деп аталады.) тәртібін анықтайды және командирлердің, штабтардың, кадрлық органдардың және әскери комиссариаттардың прапорщиктермен (мичмандармен) жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша нұсқауларды ұстанады.

2. Әскери бөлімдердің командирлері (Нұсқаудың осы және бұдан арғы

тармақтарында әскери бөлімдер деп Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің корабльдері, басқармалары, мекемелері, әскери оқу орындары мен ұйымдары да аталады.) штабтар, кадрлық органдар және әскери комиссариаттар мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) прапорщиктер (мичмандар) лауазымдарының толық және сапалы жабдықталуын және олардың әскери қызметке ұзақ мерзімге орнығуын;
- 2) әскери қызметшілер, әскери міндеттілер мен әскери есепте тұрмайтын әйелдер қатарынан жоғары іскерлік, моральдық-адамгершілік қасиеттерге ие лайықты кандидаттарды әскери қызметке келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде іріктеу мен қабылдауды;
- 3) прапорщиктер (мичмандар) мектептерін жеке құраммен жинақтауды;
- 4) прапорщиктер (мичмандар) орта әскери оқу орындарының бағдарламалары бойынша емтихандарға жедел дайындалуы және тапсыруы үшін олардың әскери-арнаулы дайындықтарын арттыру және тәрбиелеу жөніндегі шараларды;
- 5) прапорщиктерді (мичмандарды) аттестациялауды және аттестациялаулар бойынша қорытындыларды жүзеге асыруды.

3. Прапорщиктер мен мичмандарды даярлауды, қайта даярлауды және біліктіліктерін арттыруды ұйымдастыру мен жоспарлау (Ереженің 6-тармағының 6-тармақшасы) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің прапорщиктер мен мичмандарды даярлау жөніндегі мектептері (курстары) туралы Ережеде (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1998 жылғы N 181 бұйрығымен іске қосылған) және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің экстернаты туралы Ережеде (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1993 жылғы N 22 бұйрығымен іске қосылған) белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

4. Прапорщиктер (мичмандар) мектептеріне жіберілген адамдар оқу мерзімі кезінде олар прапорщик (мичман) лауазымына кандидат етіп тіркелген әскери бөлімнің сандық құрамы есебінен ұсталады және мектепті бітіргеннен кейін сол бөлімдерге жіберіледі. Ол адамдар оқудан келгенше олар тіркелген прапорщиктердің (мичмандардың) лауазымдары бойынша міндеттерді атқаруға мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер немесе келісім-шарт бойынша сарбаз, матрос, сержант және старшина лауазымдарында қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілер уақытша жіберіле алады. Әскери бөлімдерде прапорщиктердің (мичмандардың) бос қызмет орыны болмаған жағдайда әскери қызметтен босатылуға немесе басқа әскери бөлімге ауыстырылуға жататын прапорщиктердің (мичмандардың) орнын басуға даярлау үшін мектептерге жіберілген адамдар оқу мерзімі кезінде Қарулы Күштер түрлері (әскерлер түрлері) әскери бөлімдерінің сандық құрамы есебінен ұсталады.

Қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі курстарға жіберілген

прапорщиктердің (мичмандардың) қызмет орыны сақталады.

5. Прапорщиктердің (мичмандардың) дербес, штаттық-лауазымдық және сандық (статистикалық) есебін жеке құрамның есебін жүргізу жөніндегі Ережеге сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

6. Прапорщиктер мен мичмандарға әскери атақтар беру (әскери атақтарын төмендету және қалпына келтіру, әскери атағынан айыру), прапорщиктер мен мичмандарды қызметке тағайындау және әскери қызметтен босату жөніндегі ұсыныстар офицерлер құрамы үшін белгіленген тәртіптерге (офицерлер құрамы адамдарының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі әскери қызмет пен запастағы қызметті өтеулері Ережесін қолдану тәртібі туралы Нұсқауға 1-қосымша (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1998 жылғы N 210 бұйрығымен іске қосылған) сәйкес ресімделеді.

7. Әскери қызметтегі әйелдер үшін келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретіндегі әскери қызметтің басталуы Ереженің 4-тармағына сәйкес белгіленеді. Әскери есепте тұрмайтын әйелдер үшін келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретіндегі әскери қызметтің басталуы прапорщик (мичман) әскери атағын беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап, бірақ әскери комиссариаттың нұсқамасында көрсетілген қызмет орнына кету күнінен ерте емес, есептеледі.

2. "Прапорщиктердің (мичмандардың) лауазымдарын жинақтау" тарауына

8. Келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде әскери қызметке мерзімді әскери қызметін өтеген, сәйкес әскери мамандықтың даярлау саласы бойынша салалас артықшылықты жоғары немесе арнаулы орта білімі бар әскери қызметшілер қабылданады.

9. Прапорщиктердің (мичмандардың) бос лауазымдарын мерзімді әскери қызметін өтеген әскери қызметшілерді келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде әскери қызметке қабылдау есебінен жинақтау мүмкін болмаған жағдайда, ол лауазымдар аталған қызметке әскери қызметті келісім-шарт бойынша сарбаз, матрос, сержант және старшина лауазымдарында өтеп жүрген әскери қызметшілерді қабылдау есебінен жасақталады.

10. Қызметін басқа әскери бөлімде өткеруге тілек білдірген әскери қызметшілерді келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде әскери қызметке қабылдауды Ереженің 11-тармағында көрсетілген тәртіппен сол әскери қызметшілер таңдаған қызмет орыны бойынша командирлер (бастықтар) жүзеге асырады.

11. Әскери қызметшілер мен әскери есепте тұрмайтын әйелдер қатарынан

прапорщиктікке (мичмандыққа) кандидаттарды жоспарлы іріктеу үшін әскери бөлімдердің командирлері команда бойынша Қарулы Күштер түрлерінің кадрлық органдарына мынадай деректер көрсетілген тиісті тапсырыс береді: әскери қызметке келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде қабылдау үшін іріктелуі қажет әскери бөлімнің атауы мен орналасқан пункті, лауазымы және әскери-есептік мамандығы, лауазым бойынша тарифтік разряд, тәртіптік бөлімдердегі қызметке арналған адамдар үшін сонымен бірге кіру рұқсатының материалын ресімдеу мерзімі мен кіру рұқсатының нысаны көрсетіледі. Тапсырыстар Жылына екі рет - 15 қаңтарда және 15 шілдеде ұсынылады.

12. Әскери міндеттілер мен әскери есепте тұрмайтын әйелдерді келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде әскери қызметке қабылдау үшін әскери қызметшілер мен әскери есепте тұрмайтын әйелдерді іріктеуді әскери комиссариаттар әскери бөлімдер командирлерінің тікелей әскери комиссариаттарға жолдаған тапсырыстары бойынша жүргізеді.

Әскери міндеттілер мен әскери есепте тұрмайтын әйелдерді келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде әскери қызметке қабылдау бірінші кезекте шалғай және басқа жергілікті ресурстар есебінен жинақтау мүмкіндігі шектеулі жерлерде орналасқан әскери бөлімдерде жүзеге асырылады.

Әскери бөлімдер мен кадрлық органдарда, құрамаларға дейін қоса, барынша лайықты әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери қызметке келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде қабылдау туралы тікелей өтініш еткен әскери міндеттілер мен әскери есепте тұрмайтын әйелдер қатарынан әскери қызметке келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде қабылдау үшін кандидаттар т і з і м і жү р г і з і л е д і .

13. Әскери қызметке прапорщик (мичман) ретінде түсуге тілек білдірген адамдар Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы", "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңдарымен, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметті және запастағы қызметті өтеуі туралы Ережемен, басқа да нормативтік-құқықтық актілермен танысқан соң олармен қызмет өткеру туралы келісім-шарт (осы Нұсқаудың 1-қосымшасы формасы кепілдемелік сипатта болады) жасалады. Әскери қызметке келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде түсетіндермен әңгімелесулер өткізіледі:

1) әскери қызметтегі адамдармен - бөлімшелердің және әскери бөлімдердің к о м а н д и р л е р і ;

2) әскери міндеттілермен және әскери есепте тұрмайтын әйелдермен - аудандық (қалалық) әскери комиссарлар және әскери бөлімдердің өкілдері.

14. Әскери бөлімдердің штабтары мен аудандық (қалалық) әскери

комиссариаттар келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде әскери қызметке түсуге тілек білдірген және Ереженің 6-тармағының талаптарына сай келетіндердің бәрінің мынадай құжаттары болуы тиіс және жеке іс қағаздары р е с і м д е л е д і :

1) қ ы з м е т т і з і м і ;

2) ө м і р б а я н ;

3) әскери қызмет өтеу туралы қол қойылған келісім-шарт;

4) әскери қызметшілерге - рота командирлерінен төмен емес тікелей бастығы, ал әскери міндеттілер мен әскери есепте тұрмайтын әйелдерге соңғы жұмыс немесе оқу орнынан тиісті лауазымды тұлға жазған қызметтік мінездеме;

5) прапорщиктікке (мичмандыққа) кандидаттыққа тіркелгені туралы командирдің (бастықтың) бұйрығының көшірмесі;

6) білімі туралы құжаттың нотариус куәландырған көшірмесі;

7) тууы туралы куәліктің нотариус куәландырған көшірмесі;

8) денсаулығы жағынан Қарулы Күштердің сәйкес түріндегі (әскерлер түрлеріндегі), ал қажет болған жағдайда сол жердегі әскери қызметке жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның анықтамасы;

9) тәртіптік бөлімдеріндегі қызметке белгіленген адамдарға белгіленген н ы с а н д а ғ ы к і р у р ұ қ с а т ы ;

10) жеке құрамның есебін жүргізу жөніндегі Ережеде белгіленген нысан бойынша қысқаша қызмет тізімі.

Кандидаттарға ресімделген жеке іс қағаздары мыналарға жіберіледі (ұ с ы н ы л а д ы) .

1) әскери қызметке келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде түсуге тілек білдірген әскери қызметшілер үшін - әскери бөлімдердің командирлеріне немесе сол бөлімдер құрамына кіретін құрамалардың, бірлестіктердің кадрлық органдарына;

2) әскери міндеттілер мен әскери есепте тұрмайтын әйелдер үшін - алынған нарядтарға (тапсырыстарға) сәйкес тиісті әскери бөлімдердің командирлеріне.

15. Адамдарды әскери қызметке келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде қабылдауға және прапорщиктерді (мичмандарды) аттестациялауға байланысты мәселелерді қарау бөлімдердің тұрақты әрекет ететін аттестациялық комиссияларына жүктеледі.

16. Тұрақты әрекет ететін аттестациялық комиссияларға мыналар жүктеледі:

1) іріктеп алынған кандидаттарды сипаттайтын жеке іс қағаздары мен басқа да құжаттарды зерделеу;

2) тиісті адамдарды әскери қызметке келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде қабылдаудың мақсатқа сай келетіндігі немесе оларды қабылдаудан бас тарту, бас тарту себептері негізделген түрде, туралы өз

қорытындыларын әскери бөлім командирінің шешуіне ұсыну. Ол қорытындылар хаттамалармен ресімделеді (осы Ереженің 2-қосымшасы);

3) осы Ереженің IV тарауына сәйкес прапорщиктерді (мичмандарды) аттестациялауға қатысу.

17. Прапорщиктер мен мичмандар мектептеріне жіберілуге жататын әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер (Ереженің 6-тармағының 6-тармақшасы) олар оқуға жіберілетінен кемі бір ай бұрын күнделікті бөлім бойынша бұйрықпен прапорщиктікке, мичмандыққа кандидаттыққа тіркеледі (осы Нұсқаудың 3-қосымшасы).

18. Прапорщиктер (мичмандар) мектептеріне жіберілген прапорщиктікке (мичмандыққа) кандидаттар мектептер бастықтарының бұйрықтарымен немесе ол мектептер құрамына кіретін болса, әскери бөлімдер, құрамалар командирлерінің, әскери оқу орындары бастықтарының бұйрықтарымен курсанттар қатарына тіркеледі.

19. Белгіленген мерзімде әскери қызметті өтеу туралы одан кейінгі келісім-шарттарды (Ереженің 7-тармағы) бөлім штабы ресімдейді (осы Нұсқаудың 1 қосымшасы).

Әскери қызметте болатын шектеулі жасына жетуіне кемі үш жыл қалған прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметте болатын шектеулі жасына жеткеніне дейінгі мерзімге келісім-шарт жасасады.

Одан кейінгі келісім-шарттар прапорщиктердің (мичмандардың) бұрынғы жасасқан келісім-шарттары бойынша қызмет мерзімдері аяқталардан кемі үш ай бұрын жасалады.

20. Әскери қызметте болатын шектеулі жасына жеткен прапорщиктерді (мичмандарды) 5 жыл мерзімге әскери қызметте қалдыру туралы шешімді (Ереженің 3-тармағы) командирлер (бастықтар) прапорщиктің (мичманның) кейін жеке іс қағаздарына тіркелетін жеке рапорты негізінде қабылдайды.

3. "Әскери атақтар беру" тарауына

21. Ереженің 6-тармағының 1, 2, 3, 4, 5 тармақшаларына сәйкес прапорщик (мичман) әскери атағын беруге ұсынылатын сәйкес әскери мамандыққа даярлық саласы бойынша салалас жоғары және арнаулы орта білімі бар әскери қызметшілерге, әскери міндеттілерге және әскери есепте тұрмайтын әйелдерге команда бойынша сол әскери атақтарды беруге құқылы командирлердің (бастықтардың) шешіміне жолданатын ұсыныстар ресімделеді (осы Нұсқаудың 6-тармағы).

Аға прапорщик (аға мичман) әскери атағын беруге ұсыныс осы тақылеттес тәртіппен ресімделеді.

22. Прапорщиктер (мичмандар) мектептері мен техниктер мектептерінің түлектерін прапорщик (мичман) әскери атақтарын беруге оқу бітіру туралы бұйрықтардың жобаларын сәйкес кадр органдары арқылы жолдайтын мектеп б а с т ы қ т а р ы ұ с ы н а д ы .

Прапорщиктер (мичмандар) мектептерін немесе техниктер мектептерін ойдағыдай бітірген адамдарға прапорщик (мичман) әскери атағын беру Ереженің 16 тармағында көрсетілген командирлердің (бастықтардың) бұйрығымен жү р г і з і л е д і .

23. Прапорщиктер (мичмандар) әскери атақтарын беру туралы бұйрықтар белгіленген айыру белгілері бар погондар тапсырумен бірге әскери бөлім сапының алдында салтанатты жағдайда жарияланады.

24. Аға прапорщик және аға мичман әскери атақтары (Ереженің 14 тармағы) аға прапорщиктермен және аға мичмандармен немесе офицерлермен жинақтауға жататын лауазымдарға тағайындалған және нақтылы атқарып жүрген прапорщиктер мен мичмандарға беріледі. Бұл орайда осы лауазымдардағы бұрынғы қызмет кезеңдері де аға прапорщиктермен және аға мичмандармен немесе офицерлермен жинақтауға жататын лауазымдағы қызмет мерзіміне (кемі б і р ж ы л) е с е п т е л е д і .

Аяқталғаннан кейін аға прапорщик және аға мичман әскери атақтары берілетін прапорщик және мичман әскери атақтарында еңбек сіңіру мерзімі Ереженің 4, 14, 15 тармақтарына сәйкес есептеледі. Запасқа босатылған, ал одан кейін әскери қызметке келісім-шарт бойынша прапорщик және мичман ретінде қайта қабылданған прапорщиктер мен мичмандарға бұл мерзім әскери комиссариаттың нұсқамасында көрсетілген әскери қызметке соңғы қабылданғанында қызмет орнына кеткен күнінен бастап есептеледі.

25. Прапорщиктерді (мичмандарды) іріктеу, даярлау және олардың орта әскери оқу орнының бағдарламасы бойынша емтихандарды жедел тапсыруы (Ереженің 20-тармағы) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің экстернат туралы Ережесімен анықталады (1).

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1993 жылғы N 22 бұйрығымен күшіне енгізілген.

4. "Лауазымға тағайындау және қызмет ауыстыру, аттестациялау" тарауына

26. Командирлердің (бастықтардың) прапорщиктерді (мичмандарды) лауазымдарға тағайындау жөніндегі құқықтары сонымен бірге дербес штаттарда ұсталатын әскери бөлімдердің командирлеріне де, егер ол командирлердің

лауазымдары бойынша штатта "полковник", оған тең және жоғары әскери атағы қарастырылған болса беріледі.

27. Запастағы прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметке әскери комиссариаттың нұсқамасы негізінде қабылданады және лауазымдарға әскери бөлімдер командирлерінің жеке құрам бойынша бұйрықтарымен тағайындалады (Ереженің 11-тармағы).

28. Прапорщиктерді (мичмандарды) қызмет бойынша ауыстыру (Ереженің 26, 27 тармақтары) ондай құқықтары бар командирлердің (бастықтардың) жеке құрам бойынша бұйрықтарымен жүргізіледі.

Қызмет мүддесімен прапорщиктерді (мичмандарды) ауыстыру кезінде (олардың келісімінсіз) олар, тәртіп бойынша, негізгі немесе салалас мамандық бойынша немесе олардың практикалық әскери қызмет тәжірибесі болуына сәйкес, маңызы бірдей лауазымдарға тағайындалуы тиіс.

29. Прапорщиктерді (мичмандарды) бір әскери бөлімнен екіншісіне ауыстыру былайша жүргізіледі: құрама ішінде - құрама командирінің жеке құрам бойынша бұйрығымен, Қарулы Күштер түрінің ішінде - Құрама Күштер қолбасшысының жеке құрам бойынша бұйрығымен.

30. Өзінің денсаулық жағдайына немесе отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайларына байланысты қызмет орнын (тұратын орнын) ауыстыруды қажет ететін прапорщиктерді (мичмандарды) ауыстыру олардың рапорттары бойынша Ереженің 27-тармағының 3 және 4 тармақшаларына сәйкес тең лауазымға және Ереженің 27-тармағының 2 және 3 тармақшаларына сәйкес төмен лауазымдарға сәйкестендіріп жүргізіледі. Бұл орайда денсаулық жағдайы бойынша бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз деп танылған прапорщиктер (мичмандар) запасқа босатылуға немесе отставкаға жіберуге ұсынылады. Мұндай жағдайда олардың отбасы мүшелері куәландыруға жіберілмейді.

Қызмет бойынша орын ауыстыру қажеттілігі туралы қорытындыны денсаулық жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының жекелеген жерлері мен ыстық климатты шет елдерде әскери қызмет өтеу (тұру) мүмкіндіктерін анықтау үшін әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыру тәртібі туралы Нұсқауға (1) сәйкес әскери-дәрігерлік комиссиялар б е р е д і .

Осы мақсатпен медициналық куәландыруға жіберілуі мүмкін отбасы мүшелеріне әйелі (күйеуі), кәмелетке толмаған балалары және прапорщиктің (мичманның) асырауындағы кәмелетке толған оқушы балалары, сонымен бірге 1 және 2 топтардағы мүгедек балалары жатады. Нұсқаудың денсаулық жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының жекелеген жерлері мен ыстық климатты шет елдерде әскери қызмет өтеу (тұру) мүмкіндіктерін анықтау үшін әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыру тәртібі

туралы 4-тармағында атап көрсетілген прапорщиктің (мичманның) асырауындағы және онымен бірге тұратын қалған отбасы мүшелері олар денсаулық жағдайы бойынша біреудің күтіміне зәру және басқалай жақын туысқандары жоқ жағдайда ғана куәландыруға жіберіледі.

Айрықша жағдайларда прапорщиктің (мичманның) оның немесе әйелінің бөлек тұратын қартайған немесе науқас ата-аналарын күту қажеттілігіне негізделген, қызметі бойынша басқа жерге ауыстыру туралы өтінішіне байланысты әскери бөлімнің командирі (бастығы) олардың тұратын жерлері бойынша әскери комиссариаттан олардың денсаулық жағдайлары әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысын, отбасылық жағдайлары мен басқа туысқандарының бар-жоғы туралы мәліметтер сұрата алады.

31. Прапорщиктердің (мичмандардың) мемлекеттік және жеке меншік кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда қосалқы жұмыс істеулеріне, яғни негізгісінен басқа тұрақты ақылы жұмыс атқаруларына тыйым салынады.

32. Прапорщиктерді (мичмандарды) лауазымдарға тағайындау оларға прапорщик (мичман) әскери атағын бір мезгілде немесе әскери бөлімдегі қызмет орнына келген күнінен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей беру арқылы жеке құрам бойынша бұйрықпен жүзеге асырылады.

33. Офицер лауазымынан прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарына ауыстырылатын прапорщиктер (мичмандар) (Ереженің 25-тармағы) ақша үлесі олар офицер лауазымына тағайындалғандарына дейін алып тұрған кесімді ақыларынан кем емес лауазымдарға тағайындалуы тиіс.

34. Прапорщиктерді (мичмандарды) аттестациялауды жүргізу олардың бойында тапсырылған іске деген жоғары жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге, әскери-кәсіби даярлығы деңгейін одан әрі арттыруға және әскери тәртіпті нығайтуға ықпал етуі тиіс.

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1995 жылғы 61 бұйрығымен іске қосылған.

Прапорщиктер мен мичмандарды аттестациялау (Ереженің 29 тармағы) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген кезеңділікпен және мерзімде жүргізіледі.

35. Аттестацияларды аттестацияланатындардың рота командирінен төмен емес және соған тең келетін тікелей бастықтары құрастырады.

Аттестацияларды құрастыратын бастықтар мыналарға міндетті:

1) прапорщиктерді (мичмандарды) аттестациялаудың қолданылып жүрген тәртібін зерделеуге;

2) аттестацияланушының іскерлік және моральдық-адамгершілік қасиеттерін жан-жақты зерделеуге және бағалауға. Ол үшін:

аттестацияланушы туралы өзінің орынбасарларымен пікір алмасуға;
аттестацияланушымен кемі екі әңгімелесу өткізуге (бірін - аттестациялаудың басында, екіншісін - тікелей аттестацияны құрастыру алдында) және кемшіліктерін жою, жеке дайындығы мен ол жауап беретін жұмыс учаскесіндегі істің жағдайын жақсарту жөнінде қажетті ақыл-кеңес және ұсыныстар беруге;

3) аттестацияланушыны жан-жақты зерделеу негізінде аттестацияның маңызы мен ол бойынша қорытындыларды анықтауға;

4) бағынысындағы адамның аттестациясын өз қолымен құрастыруға және аттестацияның машинкаға басылған барлық даналарына қол қоюға;

5) қорытындылар мен бекітулер алу үшін команда бойынша аттестациялардың барлық даналарын бекітуші инстанцияларға беруге.

36. Аттестация екі данада - қолжазба және офицерлер құрамын аттестациялау үшін белгіленген бланкада машинкаға басылған түрінде жасалады.

Еркін түрде мазмұндалған аттестациялар мәтінінде аттестацияланушыны сипаттайтын мынадай сұрақтар көрініс табуы тиіс:

4) өзіне және бағынысындағыларға талапшылдығы, жеке басының тәртібі және орындаушылығы;

5) жұмыстағы ұйымдастырғыштығы, қойылған міндеттерді сапалы орындаушылық қабілеті, парасатты бастама таныта білуі, күрделі жағдайда тез бағдар тауып, шебер әрекет ете алуы;

6) бағынысындағыларға сапалы басшылық ете алуы, оларды оқыта және тәрбиелей алуы;

7) аттестацияланушы басқаратын жағдайдың бағасы немесе ол жауапты жұмыс учаскесінің бағасы;

8) арнайы әскери даярлық деңгейі, әскери жарғыларды, ережелерді және басқа қызмет бойынша қажетті заң актілерін, өзінің атқаратын қызметі бойынша міндеттерін білуі және оларды орындауы, мамандығы бойынша кластығы, жауынгерлік тәжірибесінің бар-жоғы;

9) мемлекеттік-құқықтық даярлық деңгейі және оны жетілдіру жөніндегі жұмысы, тәрбие жұмысына қатысуы;

10) өзінің іс-қызметін сын тұрғысынан бағалай білуі, іске шығармашылықпен қарау қабілеті, ұжымдағы беделі, әскери және мемлекеттік құпияны сақтай білуі;

11) денсаулық жағдайы мен жұмыс қабілеті, сондай-ақ аттестацияланушыны сипаттау үшін қажетті басқа да мәселелер.

37. Аттестациялау бойынша тұжырымда аттестацияланушының атқарып отырған қызметіне сәйкес келетіндігі немесе келмейтіндігі көрсетіліп, одан кейін

оның іскерлік және моральдық-адамгершілік қасиеттеріне, жұмыс тәжірибесіне, қабілеті мен бейімділігіне, сонымен бірге қызмет мүддесіне қарай одан әрі барынша орынды қызметтік пайдалану туралы пікір мазмұндалады.

Бұл орайда мынандай ұсынымдар берілуі мүмкін:

- 1) жоғары қызметке жылжыту туралы (қандай және қашан);
- 2) тең келетін қызметке ауыстыру туралы (қандай қызметке ауыстырған дұрыс және ауыстыру себебі);
- 3) жоғарғы қызметтен төменгіге ауыстыру, қандай негізде (Ереженің 27-тармағы) және қандай қызметке тағайындаған дұрыс екендігі туралы;
- 4) әскери қызмет өтеуге жаңа келісім-шарт жасасу туралы;
- 5) әскери қызметтен босату және қандай негізде екені туралы.

Аттестациялау тұжырымы бойынша аттестацияланушының атқарып отырған қызметіне сәйкестігін анықтау және оның одан әрі қызметтік пайдаланылуы туралы ұсынысты мазмұндаумен бірге аттестацияланушының қызмет бойынша және жеке мінез-құлқында қандай кемшіліктерді жоюы керектігі көрсетілуі мүмкін.

Аттестацияда прапорщиктің (мичманның) запасқа босатылуы туралы тұжырыммен бірге оның соғыс кезінде қандай қызметке тағайындалу мүмкіндігі, сонымен бірге оның Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасында әскери есепке жататын әскери-есептік мамандықтың атауы мен нөмірі көрсетіледі.

Тұжырым мен ұсыным аттестация мәтінінен туындауы тиіс.

38. Прапорщиктерге (мичмандарға) жасалған аттестациялар әскери бөлімдердің тұрақты жұмыс істейтін аттестациялық комиссияның қарауына жатады.

Аттестациялық комиссиялар аттестацияларды жан-жақты зерделеуге, аттестацияланушылардың нақтылы іскерлік және моральдық-адамгершілік қасиеттеріне сәйкестігін анықтауға және олар бойынша қорытындылар беруге міндетті.

Аттестациялық комиссиялар анықтамалар мен түсініктемелер беру үшін өздерінің мәжілістеріне аттестацияланушылардың өздері сияқты аттестацияларды жасаған командирлерді (бастықтарды) де шақыруға құқылы.

Запасқа босатудың дұрыстығы, атқарып отырған қызметіне сәйкессіздігі туралы тұжырым жасалған аттестациялар, сондай-ақ аттестацияланушының елеулі кемшіліктері бар екені атап көрсетілген аттестациялар аттестацияланушыларды аттестациялық комиссиялардың мәжілістеріне шақыру арқылы қаралуы тиіс.

39. Аттестациялық комиссиялар және аттестацияларды бекітуші бастықтарға дейінгі тікелей бастықтар өздерінің аттестацияланушылар туралы

тұжырымдарын аттестацияларда қорытынды түрінде мазмұндайды.

Аттестациялық комиссияның қорытындысы хаттамаға енгізіледі (осы Н ұ с қ а у ға 4 - қ о с ы м ш а) .

Аттестациялық комиссияның қорытындысы хаттамадан комиссия мүшелерінің лауазымдары мен әскери атақтары көрсетіле отырып аттестацияның барлық даналарына көшіріледі және оны комиссия хатшысы куәландырады.

Аттестацияларды бекітетін бастықтар аттестациялық тұжырымды аттестацияның түпнұсқа даналарындағы тиісті бөлімге өз қолдарымен жазуға және оған қол қоюға міндетті.

40. Прапорщиктерге жасалған аттестацияларды аттестацияны жасаған адамның жақын тікелей бастығы, бірақ жеке батальонның командирінен төмен емес және оған тең келетін бастық бекітеді.

Аттестацияланушының атқарып жүрген қызметіне сәйкессіздігі, оны төмен қызметке ауыстыру немесе запасқа шығару (жасының ұлғаюы мен науқастығына байланысты запасқа шығарудан басқа) туралы тұжырымдар жазылған аттестацияларды дивизия командирі, оған тең және жоғары лауазымды адамдар б е к і т е д і .

Аттестацияны бекіткен командирдің (бастықтың) қолы елтаңбалы мөрмен б е к і т і л е д і .

41. Бекітілген аттестацияларды аттестацияланғандарға тікелей бастықтары 10 күндік мерзімде жария етеді. Өзгеше айрықшылыққа бекітілген аттестациялары өздері бөлімге қайтып оралысымен жарияланатын, іссапарда, демалыста немесе емделуде жүрген прапорщиктерге (мичмандарға) қатысты жағдайларда ғана жол б е р е д і .

Аттестацияны жариялау кезінде тікелей командирі (бастығы) жеке әңгімелесу өткізуі тиіс, аттестацияланған адам аттестацияның түпнұсқалық данасына қол қояды және өзінің онымен танысқан күнін жазады.

42. Аттестациялау бойынша тұжырымдардың жүзеге асырылуын бақылауды әскери бөлімдердің штабтары мен кадрлық органдар арқылы іске асырады.

Аттестациялау бойынша атқарылған жұмыстың қорытындылары офицер кадрларымен, прапорщиктермен (мичмандармен) жұмыс туралы баяндамада к ө р с е т і л е д і .

43. Қазақстан Республикасының офицерлер құрамындағы адамдар үшін қызмет мерзімі белгіленген жерлерінде қызмет өткеретін прапорщиктер (мичмандар) қажет болған жағдайда офицерлер құрамындағы адамдар үшін белгіленген қызмет мерзімінің аяқталуы бойынша ауыстырылады.

44. Прапорщиктер мен мичмандарға демалыс беру (Ереженің 32-тармағы) құқына олар әскери қызмет өткеріп жүрген әскери бөлімдердің командирлері ие.

45. Прапорщиктерге берілетін қосымша демалыстардың ұзақтығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ал оларды бекіту тәртібі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен белгіленеді.

46. Әскери бөлімдерде 1 қаңтарға дейін алдағы жылға арналған негізгі демалыстар жоспары жасалып, оны әскери бөлімнің командирі бекітеді және оны прапорщиктерге (мичмандарға) жариялайды.

Негізгі демалыстар прапорщиктерге (мичмандарға) барлық күнтізбелік жыл бойында сол әскери қызметшілердің ай сайын 10-12 проценті демалыста болатындай есеппен біркелкі беріледі. Демалыстар беруге құқылы әскери бөлімдердің командирлері әскери дайындықтың (тапсырмаларды орындаудың) күрделі кезеңдерінде прапорщиктерге (мичмандарға) негізгі демалыстар берудің ай сайынғы нормаларын қысқарта алады және соған сәйкес ол нормаларды жылдың басқа кезеңдерінде ұлғайта алады.

Қазақстан Республикасын қорғау және интернационалдық парызын өтеу негізіндегі ұрыс әрекеттерінде немесе басқалай әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде жарақат, зақым алған немесе мертіккен прапорщиктерге (мичмандарға) негізгі демалыстарын өздеріне қолайлы уақытта пайдалану құқы беріледі.

47. Ереженің 39-тармағына сәйкес негізгі демалысты қысқарту туралы шешім әскери бөлім бойынша бұйрықпен ресімделеді және қолхат бойынша прапорщиктерге (мичмандарға) жарияланады. Негізгі демалысты қысқарту туралы бұйрық жүзеге асырылмаған прапорщик (мичман) әскери бөлімнен кеткен жағдайда ол бұйрықтың көшірмесі жеке іс қағазымен бірге жаңа қызмет о р н ы н а ж і б е р і л е д і .

48. Прапорщиктерге (мичмандарға) демалыс беру кезінде олардың демалыстарын өткізетін жеріне баруы және қайтуы үшін қажетті уақыт (Ереженің 32-тарауының үшінші азат жолы) Қорғаныс министрлігіндегі тасымалдарды ресімдеу және олар үшін есеп айырысу жөніндегі Басшылық белгілеген тәртіппен есептеледі.

49. Әскери бөлімдердің штабтары мен кадрлық органдар бекітілген жоспарларға сәйкес прапорщиктерге (мичмандарға) негізгі демалыстар беруге тұрақты бақылауды жүзеге асыру және ол туралы тиісті командирлерге (бастықтарға) баяндауы тиіс.

50. Прапорщиктер (мичмандар) емдеу орындарында емделуде және науқастануына байланысты демалыста жүрген кездерінде Ереженің 41-тармағында белгіленген мерзім шегінде оларды запасқа шығаруға немесе

отставкаға жіберуге ұсыным жасалмайды.

Емделудің және сырқаттануына байланысты демалыста болудың белгіленген мерзімі аяқталған соң бейбіт уақыттарда әскери қызметке жарамсыз немесе әскери есептен шығару арқылы әскери қызметке жарамсыз деп танылған жағдайда әскери-дәрігерлік комиссияның куәландыруы туралы шешім қабылданған прапорщиктер (мичмандар) емдеу орнына жазылып шыққандарына дейін запасқа жіберілулері мүмкін.

Қазақстан Республикасын қорғау және интернационалдық парызын өтеу кезіндегі ұрыс әрекеттерінде немесе басқалай әскери қызмет міндеттерін өтеу кезінде жарақат (зақым, жара немесе мертліккен) алған немесе науқастанған прапорщиктердің (мичмандардың) әскери қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік куәландыруы олардың емдеу мекемесіндегі емделуі аяқталуына қарай жүргізіледі.

Туберкулезбен науқастанған жағдайда әскери қызметшінің емделуде немесе науқастануына байланысты демалыста болулары бейбіт уақытта 12 айдан аспауы керек.

51. Прапорщиктердің (мичмандардың) емделуде және науқастануына байланысты демалыста үздіксіз болу мерзімін ұзарту құқы (Ереженің 41-тармағы) Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшыларына, оған тең және жоғары лауазымдағы адамдарға беріледі.

52. Прапорщиктердің (мичмандардың) азаматтық жоғары және орта оқу орындарының кешкі және сырттай оқу бөлімдерінде оқуларына рұқсатты (Ереженің 43-тармағы) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген офицерлердің, прапорщиктердің, мичмандардың және әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы азаматтық жоғары және арнаулы орта оқу орындарының кешкі және сырттай оқу бөлімдерінде оқу туралы Ережеге (1) сәйкес олардың тікелей басшылары береді.

53. Прапорщик (мичман) әйелдерге жүктілігі және босануына байланысты демалыстар (Ереженің 44-тармағы) олардың рапорттары мен тиісті медициналық мекеменің анықтамасы негізінде босанғанына дейін күнтізбелік жетпіс күндік және босанғаннан кейін күнтізбелік елу алты (дұрыс босанбаған немесе екі және одан да көп бала туған жағдайда - жетпіс) күндік ұзақтықпен беріледі.

Егер жүктілігі бойынша қызметтік міндетін атқарудан босатылған күнінен босанған күніне дейін белгіленген босанғанға дейінгі демалыс күндері артық немесе кем болса, онда ақшалай және заттай үлес нақтылы босанғанға дейінгі демалыста болған барлық күндері үшін беріледі. Босанғанға дейінгі демалысының асып кетуі немесе керісінше толық пайдаланылмауы босанғаннан кейінгі демалысының ұзақтығына әсер етпейді.

Босанғаннан кейінгі демалыс босанған күннің өзін де қоса босанған күннен
б а с т а п е с е п т е л е д і .

Бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге арналған ішінара ақылы демалыс пен қосымша демалыс прапорщик (мичман) әйелдерге олардың тілектері бойынша толық немесе бөліп-бөліп берілуі мүмкін. Прапорщик (мичман) әйел ақшалай және заттай сақталмайтын демалыс ресімделген мерзімі аяқталғанға дейін де қызметтік қызметін атқаруға кірісе беруге құқылы.

Прапорщик (мичман) әйелдер науқас баласын күту үшін қызметтік міндетін орындаудан тиісті медициналық мекеменің анықтамасы негізінде және Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіппен, жұмысқа жарамсыздығы туралы қағаз беру белгіленген мерзім үшін ақшалай қаражаты сақтала отырып босатылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1997 жылғы N 68 бұйрығымен күшіне енгізілген.

54. Прапорщик (мичман) әйелдер жүктілігі, босануы және үш жасқа толғанға дейін баласын күтуі бойынша демалыста болған кезінде олардың атқаратын қызметтері бойынша міндеттерді орындауға белгіленген тәртіп бойынша прапорщиктер (мичмандар), сондай-ақ егер олардың тікелей бағыныстарында әскери атағы жоғары адамдар болмаса әскери қызметті келісім-шарт бойынша сарбаз, матрос, сержант және старшина лауазымдарында атқарып жүрген әскери қызметшілер, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер уақытша жіберіле алады.

6. "Әскери қызметтен босату" тарауына

55. Прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметтен босату туралы өтініш рапортын келісім-шарт бойынша қызмет мерзімі аяқталғанға немесе әскери қызметте болатын шектеулі жасына жеткенге дейін үш айдан кешіктірмей береді. Әскери бөлім командирінің шешімі жазылған рапорт жеке іс қағазына тіркеледі.

56. Прапорщиктерді (мичмандарды) әскери қызметтен босатуға ұсыну алдында олардың қызмет атқаруы жөніндегі деректер анықталады, қажет болған жағдайда олардың қызметтерінің күнтізбелік есептеудегі көп жылғы еңбек сіңірген жылдарын есептеуге жататын кезеңдері құжаттармен куәландырылады, және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес зейнетақыға жататын көп жылғы еңбек сіңірген жылдары есептеліп, ол прапорщикке (мичманға) қол қоюы арқылы ж а р и я л а н а д ы .

57. Прапорщиктерді (мичмандарды) босату туралы олардың өздерімен кемі екі рет жеке әңгімелесу өткізіледі.

Алғашқы әңгімелесу босатуға ұсыныс жасалғанға дейін өткізіледі. Әңгімелесу барысында босатуға ұсыныс жасау негіздері мен мерзімі түсіндіріледі, басқа да мәселелер бойынша түсініктер беріледі, босатылғанынан кейін әскери есепке жолданылатын әскери комиссариаты белгіленеді, прапорщиктер мен мичмандардың өтініштері анықталады. Бұл орайда әскери қызметтен жасының ұлғаюына, денсаулығына, келісім-шарт бойынша белгіленген қызмет мерзімінің аяқталуына немесе штаттардың қысқартылуына байланысты босатуға жататын прапорщиктермен (мичмандармен) алғашқы әңгімелесу, тәртіп бойынша, босатуға ұсынудан кемі екі ай бұрын өткізіледі. Әскери-дәрігерлік комиссия әскери қызметке жарамсыз деп таныған және қызметтік міндеттерін одан әрі атқарудан босатуға мұқтаж прапорщиктерді (мичмандарды) әскери есептен шығара отырып босату әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы әскери бөлімге алынғаннан кейін кемі бір ай мерзімде жүргізіледі.

Қызметтен босатылатын прапорщиктермен (мичмандармен) әңгімелесулерге қажет болған жағдайда кадр және қаржы органдарының өкілдері қатыстырылады.

Қызметтен босатылатын прапорщиктермен (мичмандармен) әңгімелесу барысында әңгімелесуді өткізетін бастықтар сол жерде шеше алмайтын мәселелер қойылған жағдайда олар ол мәселелерді оларды шешуге қажетті анықтамалық деректерді баяндай отырып жоғарғы тікелей бастығына баяндайды.

Екінші әңгімелесуді қызметтен босатуға ұсыныс жолданған жағдайда тікелей бастығы өткізеді, әңгімелесу барысында прапорщиктің (мичманның) алғашқы әңгімелесуде қойған сұрақтары мен өтініштеріне жауап беріледі, әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысын және қызметтен босатуға байланысты басқа да мәселелерді қоса қызметтен босатудың негіздері дәйектеледі.

Өткізілген әңгімелесулердің мазмұны қызметтен босатылатын прапорщик және әңгімелесуді өткізген бастық қол қоятын әңгімелесу парағында (осы Нұсқауға 6 және ба қосымшалары) мазмұндалады. Әңгімелесу парағы жеке іс қағазына тіркеледі.

58. Прапорщиктер (мичмандар) запасқа босатылғанға немесе отставкаға жіберілгенге дейін денсаулығы бойынша әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін қорытындысы қызметтен босату негіздерін анықтау кезінде ескерілетін әскери-дәрігерлік комиссияның куәландыруына жіберіледі. Мұндай мақсатпен әскери-дәрігерлік комиссияның куәландыруына мына прапорщиктер (мичмандар) өз өтініштері бойынша жіберілмейді:

б) әскери қызметте бола алатын шектеулі жасқа жеткендер және шектеулі

мөлшерде зейнетақы алуға құқылылар;

7) запаста болудың шектеулі жасына жеткендер және көп жылғы еңбегі үшін зейнетақы алуға құқылылар. Ереженің 46 тармағының 5, 6, 7, 9, 10 тармақшалары және 48 тармағының 2 тармақшасы бойынша қызметтен босатылуға ұсынылатын прапорщиктер (мичмандар), тәртіп бойынша, әскери-медициналық куәландыруға жіберіледі.

59. Прапорщиктерді (мичмандарды) әскери қызметтен босатуға ұсыну және босату Ереженің 46-тармағына сәйкес негіздердің бірі бойынша жүргізіледі. Бұл орайда жақсы аттестацияланған, қызметтен босатылуға бірнеше негіздері бар прапорщиктер (мичмандар) қызметтен босатылуға қызметтен босатылғаннан кейін басым құқықтар мен жеңілдіктер берілетін негіздер бойынша, ал қызметтен босатылуға жасының ұлғаюы мен науқастығына байланысты негіздері барлар қызметтен босатылуға әскери қызметшінің тілегі ескеріле отырып сол негіздердің бірі бойынша ұсынылады.

Әйел прапорщиктерді босануына байланысты әскери қызметтен босату жөніндегі бұйрықтарда қызметтен босату негізіне "отбасылық жағдайына - босануына байланысты" деп атап көрсетіледі.

60. Қызметтен босатуға немесе отставкаға жіберуге ұсыныста жақсы аттестацияланған прапорщиктерді (мичмандарды) ынталандыру шаралары туралы, сондай-ақ Ереженің 53-тармағының талаптарын ескере отырып оларға әскери киім нысанын кию құқын беру туралы ұсыныстар көрсетіледі.

Қызметтен босату туралы жеке құрам бойынша бұйрықтарда және басқа бастықтардың бұйрықтарында қызметтен босатылатын прапорщиктерге (мичмандарға) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мінсіз қызметі үшін алғыс жарияланады, алғыс грамоталарымен марапатталады және ынталандырудың басқа да шаралары қолданылады.

Қызметтен босатылатын прапорщиктер (мичмандар) оларға тиісті үлестердің барлық түрлерімен уақытылы және толық қанағаттандырылады.

61. Жасының ұлғаюына, денсаулығына немесе штаттың қысқартылуына байланысты қызметтен босатылатын прапорщиктерге (мичмандарға):

- 1) заң жүзінде белгіленген жеңілдіктерді алу құқына арналған куәлік;
- 2) әскери қызметте көп жыл еңбек сіңіргендігі туралы (Қарулы күштерде кемі 20 күнтізбелік жыл қызмет өткерген прапорщиктер мен мичмандарға) анықтама беріледі.

62. Штатты қысқарту кезінде (Ереженің 46-тармағының 8-тармақшасы) прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметтен оларды Қарулы күштер түрлерінің әскери бөлімдерінде мамандықтары бойынша пайдалану мүмкін болмаған жағдайда ғана босатылады.

63. Прапорщик (мичман) әйелдер бала тууына байланысты атқаратын

қызметтік міндеттерін орындай алмайтын жағдайда (Ереженің 46-тармағының 5-тармақшасы) олар жүктілігіне байланысты демалыстарын пайдаланғаннан кейін ғана қолбасшылықтың шешімі бойынша мерзімінен бұрын босатыла алады.

64. Ереженің 46-тармағының 6-тармақшасында көрсетілген негізде қызметтен босатылатын, қоғамдық өмірде және өндірісте жақсы қырынан танытқан прапорщиктер (мичмандар) жағымды қызметтік мінездемесі болған жағдайда, бірақ запасқа босатылғанынан екі жыл аспайтын мерзімде, аудандық (қалалық) әскери комиссардың өтініш етуі бойынша әскери қызметке қайта қабылданулары мүмкін.

Ереженің 46-тармағының 7-тармақшасында және 48-тармағында көрсетілген негіздер бойынша қызметтен босатылған прапорщиктер (мичмандар) бейбіт уақыттарда келісім-шарт бойынша прапорщик (мичман) ретінде әскери қызметке қабылдануға жатпайды.

Аталмыш запастағы прапорщиктердің (мичмандардың) әскери қызметке қайта қабылдануы Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшыларының, оған тең және жоғары лауазымды тұлғалардың бұйрығымен жүзеге асырылады.

65. Прапорщик (мичман) атағынан айырылған әскери қызметшілер Тәртіптік жарғыда қарастырылған тәртіппен әскери қызметтен запасқа қатардағы сарбаз (матрос) ретінде босатылады.

Қамауға алынған прапорщиктер (мичмандар) қылмысты іс бойынша тергеу кезінде қызметінен босатылады және барлық тергеу кезеңінде тиісті командирлердің (бастықтардың) өкілдігіне беріледі. Прапорщиктер (мичмандар) тергеу кезінде қамауға алынбаған жағдайда оларды қызметінен босату және уақытша басқа қызметке тағайындау туралы мәселені тергеу органдарының келісімімен қолбасшылық шешеді.

Қылмыс жасағандығы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, соның ішінде міндетті түрде еңбекке тарту арқылы бас бостандығынан айыруға шартты сотталғандар, үкім заңды күшіне енген сәтінде қамауда отырған прапорщиктер (мичмандар) міндетті әскери қызметтен үкімде көрсетілген жазасын өтеудің бастапқы мерзімі басталатын күннен бастап босатылады; соның ішінде міндетті түрде еңбекке тарту арқылы бас бостандығынан айыруға шартты сотталғандар, әскери қызмет бойынша шектеуге сотталғандар, және үкім заңды күшіне енген сәтінде бостандықта жүргендер әскери бөлім әскери соттың күшіне енген үкімді орындау туралы өкімін алған күннен бастап босатылады.

Шартты сотталған, үкімнің орындалуы кейінге қалдырылып сотталған, әскери қызмет бойынша шектеуге сотталған және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімі бойынша әскери қызметте қалдырылған прапорщиктердің (мичмандардың) тәртібін бақылауды әскери бөлімдердің командирлері жүзеге асырады.

Жасаған қылмыстары үшін әскери атағынан айырмай бас бостандығынан айыруға сотталған прапорщиктер (мичмандар) бас бостандығынан айыру орындарынан босап келгеннен кейін егер Ереженің 45 тармағы 1-тармақшасының талаптарына сәйкес келетін болса, запастағы прапорщиктердің (мичмандардың) әскери есебіне алынады.

66. Запасқа босатылатын немесе отставкаға жіберілетін жақсы аттестацияланған прапорщиктер (мичмандар) үшін қызметтен босату туралы бұйрық алынғаннан соң, олар істері мен қызметтерін тапсырып болғаннан кейін бөлімшелердің (әскери бөлімнің) офицерлер құрамының қатысуымен прапорщиктер (мичмандар) жиналысында салтанатты шығарып салу рәсімі ұйымдастырылады.

Әскери қызметшінің абырой-атағына нұқсан келтіретін теріс қылықтары үшін немесе жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға қатысты емес түрде жазалануына байланысты қызметтік сәйкессіздігі бойынша әскери қызметтен босатылған (Ереженің 46 тармағының 6, 7 тармақшалары және 48-тармағының 2 тармақшасы) прапорщиктер (мичмандар) әскери бөлімнен кетер алдында бөлім командирі олармен әңгімелесу өткізіп, қажетті түсініктер мен ақыл-кеңес береді.

Әскери қызметтен босаған прапорщиктердің (мичмандардың) жеке іс қағаздарын әскери бөлім нұсқаманы оған тапсырған күні аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа жібереді.

Қызметтен босаған прапорщиктердің (мичмандарды) жеке іс қағаздарының олардың таңдап алған тұрғылықты жерлеріне уақытылы жіберілуі мен барып жетуін бақылауды кадрлық органдар жүзеге асырады.

67. Қайтыс болған (қаза тапқан) прапорщиктерді (мичмандарды) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері жеке құрамының тізімінен шығару туралы бұйрықтарда, егер әскери қызметші мынадай салдарлармен қайтыс болса (қаза тапса), олардың қазасының әскери қызметті орындаумен байланысы туралы атап көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасын қорғау немесе әскери қызметтің басқа да міндеттерін орындау кезінде алған жарақаты, зақымдануы немесе мертігуі;

2) ұрыс әрекеттері жүріп жатқан елдерде интернационалдық борышын өтеуге байланысты науқастануы.

Мүліктік және басқа азаматтық-құқықтық мәселелерді шешу қажет болған жағдайда прапорщиктерді (мичмандарды) хабарсыз жоқ деп тану немесе оларды өлді деп жариялау азаматтық заңмен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Жасаған қылмысы үшін әскери атағынан айырумен сотталған прапорщиктер (мичмандар) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері жеке құрамының тізімінен әскери бөлім әскери соттың олар сотталып қамауға алынған күнінен

заңды күшіне енген үкімді орындау туралы өкімін алғаннан шығарылады.

Прапорщиктерді (мичмандарды) Ереженің 52-тармағында қарастырылған жағдайларда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері жеке құрамының тізімінен шығаруға байланысты бұйрықтар мен басқа да құжаттарды ресімдеу тәртібі Жеке құрамның есебін жүргізу жөніндегі ережемен айқындалады.

68. Жеке құрам бойынша прапорщиктерді (мичмандарды) әскери қызметтен босату туралы бұйрықтар берілгеннен кейін, егер қызметтен босату кезінде қолданылып жүрген заңдардың бұзылуына жол берілмесе және қызметтен босатуға байланысты жаңа жағдайлардың басы ашылмаса, қызметтен босату негіздері (Ереженің 46, 47, 48 тармақтары) өзгертілмейді.

7. "Запастағы қызмет" тарауына

69. Прапорщиктер мен мичмандардың запасы (Ереженің 2-тармағы) әскери қызметтен босаған және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасына тіркелген прапорщиктер мен мичмандардан құралады. Бұл жағдайда запастағы прапорщиктердің (мичмандардың) әскери атақтарына "запастағы" сөзі қосылады, ал отставкадағы прапорщиктердің (мичмандардың) әскери атақтарына "отставкадағы" сөзі қосылады.

70. Запастағы прапорщиктердің (мичмандардың) есебі жеке және сандық (статистикалық) жағынан жүргізіледі.

Прапорщиктердің (мичмандардың) жеке есебі аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарда әскери міндеттілердің басқа категорияларынан бөлек, запастағы сержанттар мен старшиналар үшін қарастырылған тәртіппен жүргізіледі.

71. 50 жасқа жеткен немесе денсаулық жағдайларына байланысты соғыс кезінде әскери қызметке жарамсыз деп танылған прапорщиктер (мичмандар) әскери есептен шығарылады және отставкаға жіберіледі.

8. "Соғыс кезінде қызмет өткеру ерекшеліктері" тарауына

72. Ереженің 8-тармағында және соғыс кезіне арнап қабылданған басқа да заң актілерінде белгіленген соғыс кезінде прапорщиктермен (мичмандармен) жұмыс істеу, оларға әскери атақтар беру, қызметке тағайындау, аттестациялау, демалыстар беру және әскери қызметтен босату тәртібі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің айрықша нұсқауы бойынша қолданылады.

73. Соғыс кезінде прапорщиктерді (мичмандарды) даярлау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы айқындайтын мамандықтар бойынша үш айлық курстарда жүргізіледі.

74. Запастағы прапорщиктерді (мичмандарды) соғыс кезіне тағайындау олардың іскерлік қасиеттері, әскери және мамандық даярлықтары, жастары мен денсаулық жағдайлары ескеріле отырып жүргізіледі.

Біршама тәжірибелі және әскери және мамандық жағынан даярлығы бар запастағы прапорщиктер (мичмандар) офицерлік қызметтерге тағайындала алады .

75. Жұмылдыру жарияланған кезде әскери қызметтен босатылуы туралы бұйрық өзгертілген прапорщиктер (мичмандар) (Ереженің 60-тармағы 1-тармақшасының екінші азат жолы), оларды бұрынғы қызметтеріне тағайындау мүмкін болмаған жағдайда, тәртіп бойынша, соған тең қызметке тағайындалулары тиіс .

76. Соғыс кезінде прапорщик немесе мичман әскери атақтарын беруге ұсынылатын әскери қызметшілерге (Ереженің 63-тармағы) осы Нұсқаудың 5-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша ұсыныстар жасалады.

77. Соғыс кезінде прапорщиктердің (мичмандардың) есебін жүргізу ерекшеліктері жеке құрамның есебін жүргізу жөніндегі Ережемен айқындалады.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығы
полковник

Нұсқаудың 13 тармағына
1-қосымша

Әскери қызмет өткеру туралы
КЕЛІСІМ-ШАРТ

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі атынан _____

_____ (қызметі, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
және әскери қызметші (әскери міндетті) _____

_____ (қызметі, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
төмендегілер туралы келісім-шарт жасасты:

1. Әскери қызметші (әскери міндетті) _____

(тегі, әкесінің аты) "Жалпыға бірдей әскери міндет

және әскери қызмет туралы", "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғалуы туралы", "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының мазмұнымен, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметті және запастағы қызметті өткеру туралы Ережемен және әскери қызмет өткеруді реттейтін басқа да нормативтік актілермен таныса отырып, ерікті түрде мыналарға міндеттенеді:

А) заң жүзінде және осы келісім-шарт бойынша белгіленген шартпен келісім-шарт бойынша _____ мерзімге Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері кадрларының қатарында қызмет өткеруге;

Б) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеру кезінде қызмет міндеттерін, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын адал және абыройлы орындауға.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әскери қызметші (әскери міндетті) _____

_____ (фамилиясы, инициалы) келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдайды және мыналарға кепілдік береді:

а) оның алған мамандығына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне сәйкес

прапорщиктер (мичмандар) атқаратын әскери қызметке тағайындауға;

б) қолданылып жүрген заңдар жүзінде келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер үшін белгіленген құқықтарды, әлеуметтік кепілдіктерді, жеңілдіктер мен артықшылықтарды сақтауға, барлық үлес түрлерімен қамтамасыз етуге.

3. Келісім-шарт 20__ жылғы "___" _____ жасалды және _____ командирінің жеке құрам бойынша 20__ жылғы "___" _____ N ___ бұйрығы негізінде күшіне енді.

4. Мынадай жағдайларда тараптардың бірі келісім-шартты бұзуы және прапорщиктер (мичмандар) әскери қызметтен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін:

А) денсаулық жағдайы бойынша;

Б) штаттың қысқартылуына немесе ұйымдастыру шараларына байланысты;

В) келісім-шарттың бұзылуына байланысты - тараптар келісім-шарт шарттарын сақтамаған жағдайда;

Г) отбасы жағдайы бойынша;

Д) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты немесе жергілікті

өкілетті орган комиссиясының азат төрағасы болып сайланған жағдайда;

Е) қызметтік сәйкессіздігі бойынша;

Ж) әскери қызметшінің абырой-атағына кір келтіретін теріс қылығы үшін;

З) қылмыс жасағаны үшін сотталуына байланысты.

5. Осы келісім-шарт екі данада жасалды.

6. Қосымша шарттар: _____

—

7. Осы келісім-шарттың шарттары тараптардың келісімі бойынша жазбаша түрде өзгертілуі мүмкін.

Әскери қызметші
(әскери міндетті)

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
өкілі

(әскери атағы, жеке қолы және фамил) (өкілдің әск. бөлімінің атауы,
қолы, фам)

М.О.

М.О.

20 __ жылғы " __ " _____

Ескерту: мұндай нысандағы келісім-шарт атқаратын лауазымында қызмет өткеріп жүрген прапорщиктермен (мичмандармен) және әскери қызметке келісім-шарт бойынша орналасатын прапорщиктермен (мичмандармен) жасалады.

Нұсқаудың 16-тармағына
2-қосымша

11111 әскери бөлім тұрақты жұмыс істейтін аттестациялық комиссиясының прапорщик (мичман) ретінде әскери қызметке қабылдау жөніндегі мәжілісінің N __ Хаттамасы

Р! Әскери !Тегі, аты!Туған!Ұлты!Білімі!Отба.!Кандида.!Аттеста.!Бөлім (құры.
N! атағы !әкесінің ! жылы! ! !сылық!ттың іс.!циялық !лым) коман.
! ! аты ! ! ! !жағ.!керлік !Комис. !шешімі
! ! ! ! ! !дайы !және мо.!сияның !

! ! ! ! ! ! !ральдық-!ұсынысы !
! ! ! ! ! ! !адамгер.! !
! ! ! ! ! ! !шілік ! !
! ! ! ! ! ! !қасиет. ! !
! ! ! ! ! ! !тері ! !

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10

1 Сержант Әбілов қазақ 11 кл. Бойдақ Жақсы Байланыс ШБ прапор.
Жолдас мінез. жөніндегі щик әскери
Қайырұлы деледі кезекші атағын бе.
қызметіне руге мате.
ұсынылды риал ресім.
десін
(қолы, күні)

2 Запастағы Блинов орыс 10 кл. Үйлен. Мынадай Прапор. Келісемін
сержант Сергей ген кемші. щик ре. (қолы,
Петрович бір лікте. тінде күні)
бала. рімен қызметке
сы бар мінез. қабылдау
деледі: -дан тоқ.
кәсіби тала тұр.
даярлы. ған жөн.
ғы на. Қажетті
шар арнаулы
дайындығы
жоқ

3 Запастағы Дәуітов қазақ 10 кл. Үйлен. Жақсы ШБ бұйрық.
прапорщик Раушан. прапор. ген, мінез. қа (қолы,
бек Шам. щиктер үш ба. деледі күні)
ғонұлы мектебі ласы
бар

Аттестациялық комиссиясының төрағасы _____

_____ (әскери атағы, тегі, қолы)

Аттестациялық комиссиясының мүшелері _____

_____ (әскери атағы, тегі, қолы)

(әскери атағы, тегі, қолы)

Аттестациялық комиссиясының хатшысы _____

(әскери атағы, тегі, қолы)

Нұсқаудың 17-тармағына
3-қосымша

11111 әскери бөлім командирінің
БҰЙРЫҒЫ
N _____

2000 жылғы " ____ " _____

Атырау қ.

(әскери бөлім бойынша)

1

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметті және запастағы қызметті өткеруі туралы Ережеге сәйкес төменде аталған прапорщик (мичман) ретінде әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарт жасасқан мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер прапорщиктікке кандидат ретінде тіркелсін:

1. Сержант Жолдас Қайырұлы Әбіловты.

1979 жылы туған, қазақ, білімі - 11 класс, ҚК қатарында 1997 жылдың қарашасынан бері.

1999 жылдың 28 қарашасында 00 прапорщиктер мектебіне жіберуге
ж а т а д ы .

Байланыс бойынша кезекші қызметіне тағайындалады, ӘСМ -

2. ...

2

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері прапорщиктерінің

(мичмандарының) әскери қызметті және запастағы қызметті өткеруі туралы Ережеге сәйкес төменде аталған прапорщик (мичман) ретінде әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарт жасасқан әскери міндеттілер ерікті түрде әскери қызметке қабылдансын және прапорщиктікке кандидат етіп тіркелсін:

1. Запастағы сержант Жомарт Серғазыұлы Төлебаевты.
1975 жылы туған, қазақ, білімі - 11 класс, ҚК қатарында 1993 жылдың мамырынан 1995 жылдың мамырына дейін болған.
1999 жылдың 28 қарашасында Алматы қаласындағы прапорщиктер мектебіне, 00000 әскери бөлімге, жіберуге жатады.
Полктің танк ротасының технигі қызметіне тағайындалады, ӘСМ - Алматы қаласының Бостандық АӘК есебінде тұрады.
2. ...

11111 ӘСКЕРИ БӨЛІМНІҢ КОМАНДИРИ
подполковник

11111 ӘСКЕРИ БӨЛІМНІҢ ШТАБ БАСТЫҒЫ
подполковник

Нұсқаудың 39-тармағына
4-қосымша

Аттестациялық комиссия мәжілісінің
N ____ ХАТТАМАСЫ

(әскери бөлім, басқарма, мекеме, кәсіпорын, құрама немесе Қарулы Күштер түрі атаулары)

Комиссияның төрағасы _____

(лауазымы, әскери атағы,

тегі, әкесінің аты, аты)

Комиссия мүшелері _____

(лауазымы, әскери атағы,

тегі, әкесінің аты, аты)

Комиссия хатшысы _____

(лауазымы, әскери атағы,

тегі, әкесінің аты)

Р ! Кімнің аттестациялануы қаралды ! Аттестациялау бойынша комиссия
N !(аттестацияланушының әскери атағы, ! қандай қорытынды жасады
! фамилиясы, аты, әкесінің аты және !
! лауазымы көрсетіледі) !

Толтыру үлгісі

1 Прапорщик Раев Нұрболат Нұрпапаұлы ! Танк ротасының старшинасы
- 1 танк батальоны 2 танк ротасының ! қызметі сәйкес. Келісім-шарт
старшинасы ! бойынша қызмет мерзімінің
! аяқталуына байланысты бес жылға
! жаңа келісім-шарт жасасқан дұрыс.

2 Прапорщик Соколов Сергей ! Атқаратын қызметіне сәйкес
Александрович - 1 танк батальонының ! емес. Қызметтік сәйкессіздігі
технигі ! бойынша запасқа босатқан дұрыс.

Ескерту: Хаттаманың соңында аттестацияланушы прапорщиктердің
(мичмандардың), сонымен бірге аттестациялық комиссияның мәжілісіне
шақырылған лауазымды тұлғалардың атақтары мен фамилиялары көрсетіледі.

Комиссияның төрағасы

подполковник С. Иванов

Комиссия мүшелері:

подполковник Б. Иханбаев

майор А. Есмағамбетов

майор И. Баринов

Комиссия хатшысы

капитан А. Борисов

20__ жылғы " __ " _____

Нұсқаудың 76-тармағына

5-қосымша

Құпия
(толтырылғаннан кейін)

_____ дивизияның командирі
_____ қаласы _____ ә/бөлім

Төменде аталған әскери қызметшілерді прапорщик (мичман) әскери атақтарын беруге ұсынамын:

Рет! Әскери атағы, тегі, аты, ! Прапорщиктің қандай ! Ұсынымның қысқаша
N ! әкесінің аты, атқаратын ! қызметіне тағайында. ! мазмұны
! қызметі, туған жылы, ! лады, әскери-есептік !
! ұлты, білімі, әскери- ! мамандығы, прапорщик. !
! есептік мамандығы ! тің қандай мамандығын!
! ! атқарады, прапорщик !
! ! қызметін атқару мер. !
! ! зімі !

1 ! 2 ! 3 ! 4

Прапорщик

- 1 Сержант Смирнов Николай 2 батальон 1 танк ро. Өзін тәртіпті, сауатты Семенович - 2 батальон тасының старшинасы әскери қызметші ретінде 1 ротасының танк коман. қызметіне, ӘЕМ N ____, танытты. Рота старшина. дирі, 1970 жылы туған, өтініш етемін. сы қызметіне тағайында. орыс, автомобиль-жол уға және "прапорщик" техникумы, ӘЕМ N ____ әскери атағын беруге лайықты.
- 2 Сержант Ахметов Ідріс 3 батальон 2 танк ро. Өзін тәртіпті Абдоллаәлімұлы - 2 тасының старшинасы әскери қызметші ретінде танк ротасының старши. қызметіне, ӘЕМ N ____, танытты. Рота старшина. насы, 1965 жылы туған, сы қызметін жақсы атқа. қазақ, ауыл шаруашылығы рады. "Прапорщик" техникумы, ӘЕМ N ____ әскери атағын беруге лайықты.

Аға прапорщик

- 1 Прапорщик Коршунов Петр Взвод командирі, Өзін жоғары іскерлік, Николаевич - взвод ко. ӘЕМ N ____, 1 жыл моральдық-адамгершілік мандирі, 1960 жылы қасиеттеріне ие тәртіп. туған, орыс, педагоги. ті, атқарушы әскери калық институт, ӘЕМ жауынгер ретінде таныт.

№ _____

ты. Командирлік дағды.
лары жақсы дамыған.
"Аға прапорщик" әскери
атағын беруге лайықты.

5 мап командирі _____
(әскери атағы, қолы)

Нұсқаудың 57-тармағына
6-қосымша

Әскери қызметтен запасқа (отставкаға) босатуға ұсынылатын

(босатылатын адамның әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

№ 1 ӘҢГІМЕЛЕСУ ПАРАҒЫ

Рет! Әңгімелесу сауалдарының мазмұны ! Босатуға ұсынылатын
№ ! адамның жауаптары

1 _____ байланысты Қазақстан
Республикасының Қарулы Күштері
прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери
қызметті және запастағы қызметті өткеруі
туралы Ереженің "___" тармағының "___"
тармақшасы бойынша Сіз 20___ жылғы
"___" _____ дейінгі мерзімде запасқа
(отставкаға) босатылуға ұсынылатын боласыз.

2 Аталмыш негіз бойынша қызметтен
босатылуыңызға байланысты Қазақстан
Республикасының заңдарына сәйкес Сізге
еңбекке орналастыру және материалдық-
тұрмыстық қамтамасыз ету жөнінде мынадай
жеңілдіктер мен артықшылықтар беріледі:

-
-

3 Сіз көп жылғы еңбегіңіздің есептелуімен
таныстыңыз ба және келісесіз бе?

- 4 Сіз тұрғын үймен қамтамасыз етілдіңіз бе және қай жерден?
 - 5 Қызметтен босатылған соң әскери есепке қою үшін Сізді қандай АӘК жолдау қажет?
 - 6 Сіздің қолбасшылыққа қандай сұрақтарыңыз бен өтініштеріңіз бар?
-

Әңгімелесу 20__ жылғы "___" _____ өткізілді.

Әңгімелесуді жүргізушінің қолы _____

(әскери атағы, фамилиясы)

Қызметтен босанушының қолы _____

(әскери атағы, фамилиясы)

Нұсқаудың 57 тармағына
ба-қосымша

Әскери қызметтен запасқа (отставкаға) босатуға ұсынылатын

_____ (босатылатын адамның әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

№ 2 ӘҢГІМЕЛЕСУ ПАРАҒЫ

Рет! Әңгімелесу сауалдарының мазмұны ! Босатуға ұсынылатын
N ! ! адамның жауаптары

- 1 Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері прапорщиктерінің (мичмандарының) әскери қызметті және запастағы қызметті өтеуі туралы Ереженің "___" тармағының "___" тармақшасы бойынша Сізді әскери қызметтен запасқа босату ұсынысы бүгін бөлім командирімен қол қойылып және жүзеге асырылу үшін жіберіледі
- 2 Бірінші әңгіме барысында Сіз қойған сауалдар мен айтылған өтініштеріңіз бойынша мен төмендегідей жауап беремін:

-
-

- 3 Сіз алған жауаптарыңызға және түсініктерге қанағаттандыңыз ба?
- 4 Сіздің қолбасшылыққа тағы өтініштеріңіз және сауалдарыңыз бола ма?

2000 ж. " ____ " _____ әңгіме өткізілді

Әңгіме өткізушінің қолы _____

(Әскери атағы, фамилиясы)

Босатылатынның қолы _____

(әскери атағы, фамилиясы)

Оқығандар:

Бағарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.